

“АЛМАТЫ ЭЛЕКТР СТАНЦИЯЛАРЫ” АҚ



АО “АЛМАТИНСКИЕ ЭЛЕКТРИЧЕСКИЕ СТАНЦИИ”



2015

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

СУ

КҮН

ЖЕР

АУА



«САМУРЫҚ – ЭНЕРГО» АҚ ЕНШІЛЕС ҰЙЫМЫ
«АЛМАТЫ ЭЛЕКТР СТАНЦИЯЛАРЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

“АЛМАТЫ ЭЛЕКТР СТАНЦИЯЛАРЫ” АҚ




АО “АЛМАТИНСКИЕ ЭЛЕКТРИЧЕСКИЕ СТАНЦИИ”

«АЛМАТЫ ЭЛЕКТР СТАНЦИЯЛАРЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

2015
ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

БАСТЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ



ҚОҒАМНЫҢ
ЖАЛПЫ ЖИЫНТЫҚ
КІРІСІ

53,4 МЛРД. ТЕҢГЕ

СТАНДАРТТАРЫНА
СӘЙКЕСТІК

ISO 9001, ISO 14001,
OHSAS 18001
ISO 50001

ӘЛЕУМЕТТІК
ТҰРАҚТЫЛЫҚ
РЕЙТИНГІНІҢ
КӨРСЕТКІШТЕРІ

86%

1 238,9

МВт ЭЛЕКТР
СТАНЦИЯЛАРЫНЫҢ
ЖАЛПЫ ТАҒАЙЫНДАЛҒАН
ҚУАТЫ




ЕСЕП ТУРАЛЫ 5

ЖОЛДАУЛАР 6

**КОМПАНИЯ
ТУРАЛЫ АҚПАРАТ 10**

**ҚАРЖЫ ЖӘНЕ
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ
ҚЫЗМЕТ
НӘТИЖЕЛЕРІ 28**



**ТӘУЕКЕЛДІҢ
НЕГІЗГІ
ФАКТОРЛАРЫ
ЖӘНЕ
ТӘУЕКЕЛДЕРДІ
БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ 42**

**КОРПОРАТИВТІК
БАСҚАРУ 48**

ТҰРАҚТЫ ДАМУ 68



**АУДИТОРЛАР
ҚОРЫТЫНДЫСЫ
ЖӘНЕ
ЕСКЕРТПЕЛЕРІ БАР
ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІ 83**

МАЗМҰНЫ

ЕСЕП ТУРАЛЫ

«АЛЭС» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАФАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ	6
--	---

«АЛЭС» АҚ БАСҚАРМА ТӨРАФАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ	8
--	---

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ	10
-------------------------	----

1.1. Жалпы мағлұмат	12
1.2. Қоғамның даму тарихы	13
1.3. Миссиясы, болжамы, стратегиясы	16
1.4. Инвестициялық қызмет	18
1.5. 2015 жылғы негізгі елеулі оқиғалар мен жетістіктер	20
1.6. Нарыққа шолу және компанияның нарықтағы жағдайы. Ағымдағы жағдайды талдау	20
1.7. Сыртқы және ішкі ортаны талдау	24

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ	28
---	----

2.1. Қаржылық көрсеткіштер	30
2.2. Табыс құрылымы	31
2.3. Шығын құрылымы	34
2.4. Өтемаздық және қаржы тұрақтылығының көрсеткіштері	38
2.5. Меншікті және қарыз капитал құрылымы	38
2.6. Акционерлік капитал құрылымы және құнды қағаздар	39
2.7. Активтер құрылымы	40
2.8. 2015-2019 ж. табыс болжамы	40
2.9. 2016 жылға арналған негізгі мақсаттар мен міндеттер	41
2.10. Қоғамның 2015 жылдағы инвестициялық қызметі	41

ТӘУЕКЕЛДІҢ НЕГІЗГІ ФАКТОРЛАРЫ ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ	42
--	----

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ	48
-----------------------	----

4.1. Корпоративтік басқару құрылымы	51
4.2. «АлЭС» АҚ Директорлар кеңесі. Директорлар кеңесінің қызметі туралы есеп	54
4.3. «АлЭС» Басқармасы. Басқарма қызметі туралы есеп	60
4.4. Ішкі аудит қызметі	66
4.5. Корпоративтік басқару кодексін сақтау туралы мағлұмат	66

ТҰРАҚТЫ ДАМУ	68
--------------	----

5.1. Қайырымдылық және әлеуметтік жобаларға қатысу	70
5.2. Кадр саясаты	70
5.3. Табиғатты қорғау. Табиғи ресурстарды тиімді пайдалану	80

АУДИТОРЛАР ҚОРЫТЫНДЫСЫ ЖӘНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕРІ БАР ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІ	83
---	----

6.1. Сыртқы аудиторды іріктеудің негізгі талаптары	85
6.2. Аудиторлық ұйым туралы ақпарат	85

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОР ЕСЕБІ	86
------------------------	----

ЕСЕП ТУРАЛЫ

«Алматы Электр Станциялары» АҚ-ның (бұдан әрі – «АлЭС» АҚ және/немесе Қоғам) жинақталған есебі (бұдан әрі – Есеп) компанияның қызметі жайлы маңызды деректерден тұрады. Бұл құжат барлық мүдделі тараптарға Қоғамның 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап 31 желтоқсанын қоса алған күнге дейінгі қызметінің нәтижелері мен жетістіктеріне шолу жүргізуге мүмкіндік береді. Осы Есепте 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша көрсетілген Қоғамның 2015 жылғы қаржылық есептілігі «ПрайсуотерхаусКуперс» («PwC») ЖШС тәуелсіз аудитінің нәтижесі болып келеді.

Осы Есеп шеңберінде компанияның экономикалық қызметінің мәселелері, тұрақты дамуы, сондай-ақ қаржы-операциялық нәтижелері жайында ақпараттар берілген. Ақпараттар мен сандық мәліметтер 2015 жылдағы кезеңге ұсынылған.

Қоғамның жинақталған есебін құру тарихы 2012 жылдың қорытындысы бойынша Қоғамның Жылдық есебін алғаш жариялаған уақытта, нақтырақ айтқанда 2013 жылы басталды. Сондай-ақ 2013 жылы Қоғамның Жылдық есебімен қатар 2012 жылдың 1 қаңтарынан бастап 31 желтоқсанына дейінгі кезеңді қамтитын Тұрақты даму туралы есеп жарияланды. Осы есептің алдындағы Жинақталған Жылдық есеп 2015 жылдың мамыр айында жарияланды. Қоғам жинақталған есебін жыл сайынғы негізде дайындауды жоспарлап отыр.

ЕСЕП МАЗМҰНЫН АНЫҚТАУ ҮРДІСІ

Осы Есеп ИЕХС (Интеграцияланған есептіліктің халықаралық стандарттары) есептілігіне қойылатын талаптарды әзірлеу қағидаларын есепке ала отырып, сонымен қатар Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес әзірленді.


РАСТАУ

Жинақталған жылдық есептерді дайындау Қоғамның ақпараттық ашықтығын арттыруда маңызды рөл атқарып қана қоймайды, сонымен қатар ішкі бизнес үдерістердің тиімділігін арттыруға да ықпал етеді. Бұл есеп тұрақты даму саласындағы көрсеткіштерді тәуелсіз растаудан өткен жоқ. Қоғам тұрақты даму саласындағы көрсеткіштерге тәуелсіз растау жүргізудің, мүдделі тараптардың алдында Компания қызметі бойынша ұсынылған нәтижелердің сенімділігі мен дұрыстығын арттыруға ықпал ететінін түсінеді.

Осы есептегі ақпараттарға қатысты мәселелер бойынша: 050002, Алматы қ., Достық даңғылы, 7 мекен-жайында орналасқан «Алматы электр станциялары» АҚ-ның Корпоративтік даму басқармасына хабарласуыңызға болады; телефондары: +7(727) 2 54 03 31; факсы: +7(727) 2 50 79 74; эл. мекен-жайы: e-mail: kancel@ales.kz.

Осы есептегі ақпараттарға қатысты мәселелер бойынша:
050002, Алматы қ., Достық даңғылы,
7 мекен-жайында орналасқан
«Алматы электр станциялары»
АҚ-ның Корпоративтік даму басқармасына
хабарласуыңызға болады;
телефондары: +7(727) 2 54 03 31;
факсы: +7(727) 2 50 79 74;
эл. мекен-жайы: e-mail: kancel@ales.kz.

«АлЭС» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАФАСЫ ЖОЛДАУЫ



ТҮЙТЕБАЕВ СЕРІК
СҮЙІНБЕКҰЛЫ

2015 жылы «АлЭС» АҚ Директорлар кеңесінің қызметі жалғыз акционердің мүдделерін қамтамасыз етуге, басқару сапасын арттыруға және негізгі көрсеткіштерге қол жеткізуге бағытталды.

Компания инвестициялық жобаларды іске асыру үдерісін табысты түрде жалғастырды. Директорлар кеңесі қызметтің басым бағыттарына жіті назар аударуға мүмкіндік беретін шешімдер қабылдады.

Бүгінгі күні еліміздің экономикалық өсуі мен әлеуметтік дамуының аса маңызды факторы электр энергетикасының тұрақты дамуы болып табылады.

Қазақстан экономикасының қарқынды дамуы, жаңа өнеркәсіптік кәсіпорындар, аграрлық кешендер, әлеуметтік сала объектілерін салу үшін электр энергетикасының оза дамуын қамтамасыз ету талап етіледі. Қоғам өз кезегінде тұтынушыларды электр және жылу энергияларымен үздіксіз жабдықтауды кепілді түрде қамтамасыз етті.

Қоғамның алдында жаңа технологиялық деңгейге көшу, экономикалық және энергетикалық тиімділікті арттыру, энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қоршаған ортаға жағымсыз әсерді азайту бойынша аса маңызды міндеттер тұр.

Қазақстанның электр энергетикасын жүйелі дамыту мәселелеріне ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев пен Үкіметі зор көңіл бөледі. Қабылданған бағдарламалық құжаттар мен табысты іске асырылған жобалардың басым көпшілігі Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша жүзеге асырылады.

Есептілік, әділдік, айқындық пен жауапкершілік сияқты корпоративтік дамудың негізгі қағидаларын сақтау мақсатында ауқымды жұмыс көлемі атқарылды.

Корпоративтік дамудың тиімді жүйесі құрылды. Директорлар кеңесі стратегиялық және өндірістік-шаруашылық мәселелерді ретті түрде қара-

стырып отырды, ал отырыста қабылданған шешімдер Қоғам менеджментімен тиімді түрде жүзеге асырылды.

Қоғам корпоративтік даму қағидаларын негізге ала және оны ұстай отырып, Қоғамның Корпоративтік Кодексінің тұрақты дамыту, қағидаларын сақтау саласында айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізді.

Басшылық пен ұжымның біріккен күшінің арқасында есеп беретін жылда объектілерде жазатайым жағдайлар болмады және қоршаған ортаға шығарылатын жалпы шығарындылардың көлемін азайттық. Қоғамның тұрақты даму саласындағы республикалық конкурстардан алған марапаттары, сенімге және сәйкес нормалар мен қағидаларды орындауға негізделген бизнестің әлеуметтік жауапкершілігінің дамуына жоғары деңгейде қызығушылық танытқандығын растайды.

Бекітілген ұзақ мерзімді даму стратегиясы шеңберінде Қоғам алдына өр мақсаттар қояды, қуаттылықты көбейту есебінен жылу қуатының болжамды тапшылығын жабуға, Универсиада-2017 объектілерін энергоресурстармен қамтамасыз етуге, қоршаған орта экологиясын жақсартуға мүмкіндік беретін бірқатар инвестициялық жобаларды жүзеге асырғалы отыр, жүзеге асырудың белсенді сатысында ұсынылған есепте айтылатын өзге де инвестициялық жобалар бар.

Менеджментке және барлық ұжымға жүйелі түрде және тиімді атқарылып жатқан жұмыстары үшін «АлЭС» АҚ Директорлары кеңесі атынан шынайы алғысымды білдіргім келеді.

Қызметкерлеріміздің кәсібилігі, мемлекетіміздің, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ның, «Самұрық-Энерго» АҚ-ның қолдауы «АлЭС» акционерлік қоғамының бұдан әрі де тұтынушыларды электр және жылу энергиясымен сенімді түрде қамтамасыз ететіндігіне, энергия қайнар көздерін жаңғыртатындығына, сондай-ақ корпоративтік даму деңгейін жетілдіретіндігіне сенімдімін!

СЕРІК ТҮЙТЕБАЕВ,
ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ



«АЛЭС» АҚ БАСҚАРМА ТӨРАФАСЫ НҰРЛАН ТАУФИҚҰЛЫ МҰХАМЕД-РАХИМОВТЫҢ ЖОЛДАУЫ



МҰХАМЕД-РАХИМОВ
НҰРЛАН ТАУФИҚҰЛЫ

2015 жыл Қоғамымыз үшін ұзақ мерзімді Даму стратегиясын әрі қарай іске асырудың қажеттілігін растайтын сын-қатерлер кезеңі болды. Басқарма мүшелері өндірістік және инвестициялық бағдарламаны орындауға, алға қойылған жобаларды жүзеге асыруға барын салды.

Есеп беретін кезеңде Қоғамның жалпы табысы 53,4 млрд теңгені құрады, бұл 2014 жылғы (52,1 млрд. теңге) іс жүзіндегі табыстардан 2,5%-ға жоғары.

Есеп беретін кезеңде Қоғамның қорытынды қаржылық нәтижесі бойынша залал көлемі, инфляциялық таргеттеу режиміне негізделген, сондай-ақ ұлттық валютаның еркін өзгермелі бағамын қарастыратын еліміздің жаңа ақшалай-кредиттік саясатына өту шеңберінде инвестициялық облигациялық қарызды индекстеуге байланысты 11,0 млрд. теңгені құрап отыр.

Компания еңбекті қорғау, еңбек қауіпсіздігі мәселелеріне, сондай-ақ қолайлы психологиялық климатты қамтамасыз етуге айтарлықтай мән беріп отыр. 2015 жылы технологиялық апаттар санының азайғандығы байқалды және жарақат алу жағдайлары болмады. Әлеуметтік тұрақтылық рейтингтегі көрсеткіштер 2014 жылдағы 83%-дан 2015 жылы 86%-ға жоғарлап, «орташадан жоғары» дәрежесін ұстап тұр.

2016 жылдағы экономикалық жағдай туралы сөз етпес бұрын 2016 жылдағы электр энергиясына арналған тарифтің «тарифтерді инвестицияға айырбастау» қағидасы бойынша инвестициялық құрамдас бөлікті қарастыратын 2009–2015 жж. арналған шекті тарифтер шеңберінде бекітілген 2015 жылдағы деңгейде сақталғандығын және 8,6 теңге/кВтсағ. құрайтын атап кетуге болады. 2009 жылы бекітілген электр энергияға арналған қолданыстағы тариф инфляциялық үдерістерді қарастырмайды, атап айтқанда шығындардың өсу қарқындарын, тарифтердің өсу қарқындарын озуды, сондай-ақ АҚШ долларының өзгерген бағамына индекстеуді жүргізу есебімен «2-ЖЭО қайта құру және кеңейту. №8 қазан агрегаты» жобасын жүзеге асыру үшін жұмылдырылған, облигациялық қарыз бойынша қаржыландыруға кеткен шығындарды қарастырмайды.

Осыған орай, басым инвестициялық жобалар және инвестициялық облигациялық қарыз бойынша алған міндеттерімізді орындау мақсатында Қоғамымыз 2016–2018 жылдарға арналған электр энергиясын өндіру бойынша есептік тарифті бекітуді жоспарлап отыр.

Қоғамымызбен әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі шаралар қабылданады. 2016 жылы жұмыс орындарының саны сақталады, ал жұмыс берушінің қызметкерлерді әлеуметтік қолдау бойынша жасалған ұжымдық шарты шеңберіндегі міндеттері толық көлемде орындалады.

Қоғамның тиімді қызметін қолдау шеңберінде «TUV NORD» халықаралық сертификаттау органымен ISO 9001 сапа менеджменті, ISO 14001 экологиялық менеджмент, OHSAS 18001 денсаулықты қорғау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету менеджменті және ISO 50001 энергетикалық менеджменті жүйелерінің халықаралық стандарттар талаптарына сәйкестігіне байқау аудиті жүргізілді.

Бұдан бұрын бекітілген 2022 жылға дейінгі ұзақ мерзімді даму Стратегиясы, компаниямызды ұтымды дамыту мақсаттары мен міндеттері анықталған жоспардың жүзеге асырылып жатқанын айта кеткім келеді.

Қоғамымыздың ұтымды түрде дамуына қол жеткізу келесі мақсаттарды жүзеге асыру арқылы жүргізілуде:


- 1) өндірістік қуатты арттыру;
- 2) жылу және электр энергиясы өндірісінің сенімділігін қамтамасыз ету.

Бұдан былай да жылу және электр энергиясын өндіру жөніндегі жұмысымызды жалғастырамыз және тұтынушыларымызға сапалы қызметті ұсынуға барлық күшімізді жұмсауға дайынбыз. Қоғам дамуының негізгі бағытын жүзеге асыру, Қазақстан Республикасының ең ірі мегаполисінің дамуына қарай өндірісті ұлғайта отырып, жылу және электр энергиясын жеткізудің сенімділігін қамтамасыз ету жолымен іске асырылады.

Осы сәтті пайдалана отырып, ұжымға, жалғыз акционеріміз – «Самұрық-Энерго» АҚ және серіктестерімізге олардың жұмыстары мен ердайым көрсетіп отыратын қолдаулары үшін алғысымды білдіргім келеді.

НҰРЛАН МҰХАМЕД-РАХИМОВ
БАСҚАРМА ТӨРАФАСЫ





1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

1.1.	Жалпы мағлұмат	12
1.2.	Қоғамның даму тарихы	13
1.3.	Миссиясы, болжамы, стратегиясы	16
1.4.	Инвестициялық қызмет	18
1.5.	2015 жылдағы негізгі елеулі оқиғалар мен жетістіктер	20
1.6.	Нарыққа шолу және компанияның нарықтағы жағдайы. Ағымдағы жағдайды талдау	20
1.7.	Сыртқы және ішкі ортаны талдау	24





1.1. ЖАЛПЫ МАҒЛҰМАТ

«Алматы электр станциялары» Акционерлік қоғамы («АлЭС» АҚ) – Алматы қаласы және Алматы өңірінде жылу және электр энергияларын өндіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын энергия өндіретін ұйым.

«АлЭС» АҚ жергілікті халықты, өнеркәсіптік және ауылшаруашылық кәсіпорындарын электр және жылу энергияларымен қамтамасыз етеді.

Қоғам табиғи монополия субъектілерінің (жылу энергиясын өндіру жөніндегі табиғи монополия субъектісі болып келеді) Мемлекеттік тіркелімінің Республикалық бөліміне кіргізілген және Алматы өңірі мен Алматы қаласына электр энергиясын жеткізу бойынша үстем жағдайға ие.

«АлЭС» АҚ «КМГ-Энерго» АҚ-ның 26.05.2006 ж. шешімі негізінде құрылды және 01.06.2006 ж. тіркелді (заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелім нөмірі 78188-1910-АҚ).

Қазіргі уақытта «АлЭС» АҚ «Самұрық-Энерго» АҚ компанияларының құрамына кіреді.

Қоғамның ұйымдық құрылымы келесі өндірістік департаменттерден тұрады:

1. 1-ЖЭО – электр және жылу энергиясын өндіреді;
2. 2-ЖЭО – электр және жылу энергиясын өндіреді;
3. 3-ЖЭО – электр және жылу энергиясын өндіреді;
4. Қапшағай ГЭС – электр энергиясын өндіреді;
5. Каскад ГЭС – электр энергиясын өндіреді;
6. Батыс жылу кешені (БЖК) – жылу энергиясын өндіреді;
7. «Энергожөндеу» өндірістік жөндеу кәсіпорны (ӨЖК) – «АлЭС» АҚ жабдықтарын жөндейді;
8. Отынды қабылдау және түсіру орталығы (ОҚТО) – «АлЭС» АҚ энергия қайнар көздеріне арналған отынды қабылдайды және түсіреді.



Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғам қызметтің келесі түрлерін жүзеге асырады:

- 1) электр және жылу энергияларын өндіру;
- 2) электр станцияларын пайдалану, сондай-ақ жарғымен қарастырылған

Қоғамның мақсаттары мен тапсырмаларына сай келетін, заң бойынша тыйым салынбаған және жарғыда қарастырылған қызметке технологиялық байланысы бар өзге де қызмет түрлерімен айналысады.

Компанияның құрамында тәуелді және еншілес ұйымдар жоқ.

Компанияның қызметі жөніндегі толықтай ақпаратты www.ales.kz корпоративтік сайтынан ала аласыздар.


1.2. ҚОҒАМНЫҢ ДАМУ ТАРИХЫ

«АлЭС» АҚ «ҚМГ-Энерго» АҚ 2006 жылғы 26 мамырдағы шешімі негізінде құрылды және 2006 жылғы 1 маусымда тіркелді.

Электр және жылу энергиясын өндіру, тасымалдау және сату қызметтерін бөлу мақсатында Қазақстан Республикасының «Электр энергетикасы туралы» және «Табиғи монополиялар туралы» Заңына сәйкес өткізілген «АПК» АҚ реформалау шеңберінде 2007 жылдың 28 ақпанында «АлЭС» акционерлік қоғамы «АПК» акционерлік қоғамымен 1- ЖЭО, 2-ЖЭО, 3-ЖЭО, Батыс жылу кешені (БЖК), Қапшағай ГЭС, Каскад ГЭС, «Энергожөндеу» Өндірістік – жөндеу кәсіпорны (ӨЖК) және Отынды қабылдау және түсіру орталығы (ОҚТО) ғимараттары мен құрылыстар кешенін құрайтын электр және жылу энергияларын өндіру бойынша толықтай аяқталған технологиялық циклды қамтамасыз ететін мүлкті кешендерді сатып алу туралы келісім жасады.

«АлЭС» АҚ
2006 ЖЫЛҒЫ
1 МАУСЫМДА
ТІРКЕЛДІ






1.2.1. 1-ЖЭО

Алматы ОЭЖ (бүгінгі таңда 1-ЖЭО) жобалау және құрылысы 1931 жылы басталды. 1935 жылғы 25 қазанда алғашқы агрегатқа өнеркәсіптік жүктеме берілді. Негізгі жабдық: Қарағанды көмір бассейнінің көмірімен жұмыс істейтін алты БКЗ-160-100 бу қазаны, жағар отын ретінде мазут қолданылады, жылу беру маусымының басында және соңында артылған табиғи газбен жұмыс істейді; буды өндірістік және теплофикациялық іріктелуін жүзеге асыратын екі ПТ-60-90 турбоагрегаты, бір Р-25-90 турбоагрегаты; жеті ПТВМ-100 су жылыту қазаны, негізгі отын табиғи газ, резервтік мазут. Жабдықтар пайдалануға 1960 жылдан 1996 жыл аралығында берілді.

И. А. СЫРГАБАЕВ

1-ЖЭО Басқарушы директоры




1.2.2. 2-ЖЭО

Алматы 2-ЖЭО құрылысы 1974 жылы басталды. 1980-1983 жылдары БКЗ-420-140-7С типіндегі үш бу қазаны және ПТ-80/100-130/13 типті үш бу турбины іске қосылды. Құрылыстың 2 – кезеңі 1985-1989 жылдары жүзеге асырылды. Негізгі жабдық - Қарағанды және Екібастұз көмір бассейндерінің көмірімен жұмыс істейтін жеті БКЗ-420-140 бу қазаны, жағар отын ретінде мазут қолданылады; будың өндірістік және теплофикациялық іріктелуін жүзеге асыратын ПТ-80-130 үш турбоагрегаты, теплофикациялық іріктелуді жүзеге асыратын бір Р-50-130 турбоагрегаты және екі Т-110-130 турбоагрегаты. Жабдықтар 1980 жылдан бастап 1989 жылға дейін пайдалануға берілді.

Ф. Ф. САЛИМОВ

2-ЖЭО Басқарушы директоры




1.2.3. 3-ЖЭО

Қуаты 100 мың кВт құрайтын Алматы ГРЭС (қазірде – 3-ЖЭО) құрылысының бірінші кезегі Алматы Халық шаруашылығы кеңесінің шешімімен 1957 жылғы 9 желтоқсанда бекітілді. Құрылыс 1959 жылы басталды. Негізгі жабдық- Қарағанды және Екібастұз көмір бассейндерінің көмірімен жұмыс істейтін алты БКЗ-160-100 бу қазаны, жағар отын ретінде мазут қолданылды; буды теплофикациялық іріктейтін үш Т-41-90 турбоагрегаты, бір К-50-90 турбоагрегаты. Жабдықтар 1960 жылдан 1967 жыл аралығында пайдалануға берілді.

А. К. ШАНЛАКБАЕВ

3-ЖЭО Басқарушы директоры



1.2.4. БАТЫС ЖЫЛУ КЕШЕНІ


Батыс жылу кешені (БЖК) жұмысы екі су жылыту қазандығы орнатылып, пайдалануға берілген кезде 1963 жылдың 26 қарашасында басталды. 1964–1967 жылдары тағы бір су жылыту және бес бу қазаны жұмысқа енгізілді. БЖК құрамында: Батыс аудандық қазандығы, Оңтүстік – Батыс аудандық қазандығы, Жаңа-Батыс аудандық қазандығы және 2- ЖЭО ауданында Батыс жылу кешенінің бактары бар. Негізгі отын табиғи газ, резервтегісі – мазут. Қазіргі уақытта БЖК құрамына келесі негізгі жабдықтар кіреді: БО-25/15 үш бу қазаны; ГМ-50/14 екі бу қазаны; ПТВМ-50 екі су жылыту қазаны; ПТВМ-100 алты су жылыту қазаны; КВГМ-100 төрт су жылыту қазаны. Жабдықтар 1963 жылдан 1988 жылды қоса алған уақыт пайдалануға берілді.

Е. А. САСЫКОВ

БЖК Басқарушы директоры

1.2.5. ҚАПШАҒАЙ ГЭС

Қапшағай ГЭС жобалауды 1959 жылы С.Я.Жук атындағы «Гидропроект» Бүкілодақтық жобалау – зерттеу институтының Қазақ филиалы жүзеге асырды, 1961–1964 жылдары жоба жетілдірілді. 1965 жылы Қазақ КСР Министрлер кеңесінің 25.02.1965 жылғы № 266-Р өкімімен Қапшағай ГЭС дирекциясы құрылды және оның құрылысы басталды. 1980 жылы Қапшағай ГЭС құрылысы аяқталды және мемлекеттік комиссия Қапшағай ГЭС құрылысын қабылдау жөніндегі актіге қол қойды. Қазіргі уақытта Қапшағай ГЭС-інің негізгі жабдығы ПЛ2-50/642-В-650 төрт гидроагрегаты. Жабдықтар пайдалануға 1970–1971 жылы берілді.



С. А. КАЛИЕВ

Қапшағай ГЭС
Басқарушы директоры

1.2.6. КАСКАД ГЭС

Үлкен Алматы өзенінде Каскад ГЭС құрылысы бойынша жобалау және дайындық жұмыстары 1942 жылы «Гидропроект» институтының Ленинград қаласындағы бөлімімен басталды, ал 1943 жылғы сәуір айынан бастап алғашқы электр станцияларының құрылысы басталды. Каскад ГЭС 10 электр станциясынан тұрады, оның 9 – Үлкен Алматы өзенінен бастап Қалалық су каналының су қабылдау құрылыстарына дейін 25 шақырымды құраған қашықтықта Үлкен Алматы шатқалында каскадты орналасқан, бір электр станция – Талғар өзенінде Талғар шатқалында орналасқан. Қазіргі уақытта Каскад ГЭС құрамына келесі жабдықтар кіреді: 1-ГЭС-ке орнатылған ф.Ансальдо (Италия) үш гидроагрегаты; 2-ГЭС-ке орнатылған КВГ179х16,4-1 үш гидроагрегаты; 5-ГЭС-ке орнатылған РО638-ВМ-100 бір гидроагрегаты; 6, 7, 8-ГЭС-терге орнатылған ф.Лаффель (АҚШ) үш гидроагрегаты; 9, 10, 11 – ГЭС-терінде орнатылған бір РОФ700 гидроагрегаты; Талғар ГЭС-не орнатылған РО-15-ГМ-84 үш гидроагрегаты. Жабдықтар пайдалануға 1943 жылдан бастап 1963 жыл аралығында берілді.




Б. А. САБЫРКУЛОВ

Каскад ГЭС
Басқарушы директоры

1.2.7. «ЭНЕРГОЖӨНДЕУ» ӨНДІРІСТІК ЖӨНДЕУ КЕШЕНІ

«Энергожөндеу» Өндірістік жөндеу кәсіпорны – негізгі өндірістік бөлімшелері 1, 2, 3-ЖЭО, БЖК аумақтарында орналасқан. Кәсіпорын «АлЭС» АҚ-ның барлық жылу энергия көздерінің негізгі және қосалқы жабдықтарына жөндеу қызметін көрсетеді.



С. С. ТЮТЕБАЕВ

«Энергожөндеу» ӨЖК Басқарушы директоры

1.2.8. ОТЫНДЫ ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ТҮСІРУ ОРТАЛЫҒЫ

Отынды қабылдау және түсіру орталығы – негізгі өндірістік бөлімшелері 1, 2, 3-ЖЭО аумақтарында орналасқан. ОҚТО 1, 2, 3-ЖЭО кәсіпорындарының мекен – жайына теміржолмен келетін отын немесе басқа жүктер тиелген вагондарды қабылдау, түсіру, өңдеу және беру қызметтерін көрсетеді, сол арқылы осы станцияларда отынның үздіксіз түсірілуін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, 1, 2, 3-ЖЭО темір жолдарын жөндейді және күту шараларын орындайды.



С. К. КУНДАКОВ

ОҚТО Басқарушы директоры

АЛМАТЫ ӨҢІРІ «АЛЭС» АҚ ҮШІН ЭЛЕКТР ЖӘНЕ ЖЫЛУ
ЭНЕРГИЯСЫН ӨТКІЗУ НАРЫҒЫ

1.3. МИССИЯСЫ, БОЛЖАМЫ, СТРАТЕГИЯСЫ

1.3.1. ҚОҒАМ МИССИЯСЫ

Алматы қаласы және Алматы өңірі тұрғындарының, кәсіпорындары мен ұйымдарының қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында электр және жылу энергиясының сенімді және тиімді өндірісін қамтамасыз ету.

«АлЭС» АҚ Қазақстан энергетикалық қауымдыстығы өмірінде маңызды рөл атқарады және 2013 бастап «KAZENERGY» Қазақстан электр энергетикалық қауымдастығының мүшесі болып табылады.

1.3.2. ҚОҒАМ БОЛЖАМЫ

Алматы қаласы және Алматы өңірі бойынша электр энергетика кешенінде көшбасшылық орын алатын, экологиялық, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасының жоғары стандарттарын ұстанатын Қоғам.

«АлЭС» АҚ-ға ISO 9001, ISO 14001, ISO 50001 және OHSAS 18001 халықаралық стандарттар талабына сәйкес сапа, экология және еңбекті қорғау менеджмент жүйелері енгізілді.

1.3.3. СТРАТЕГИЯСЫ

Электр энергетикалық кешені дамуының стратегиялық маңыздылығы, әрбір елдің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы оның маңызды рөліне байланысты болып келеді.

Қоғам стратегиясы, қолданыстағы жабдықтарды жаңарту, жылу және электр энергияларын өндірудің әлдеқайда тиімді технологияларын енгізу есебінен Алматы қаласы және Алматы өңіріндегі тұтынушыларды жылу және электр энергияларымен үздіксіз және сенімді жабдықтауға және қоршаған ортаға тигізетін экологиялық әсерлерді төмендетуге бағытталған.



Миссияны орындау және көздеген нәтижелерге жету үшін Қоғамға негізгі үш стратегиялық бағыт бойынша жоспарлы даму қажет:

- Алматы қаласы және Алматы өңірі энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- Акционерлік капитал құнын арттыру;
- Әлеуметтік жауапкершілік және тұрақты даму.

1.3.4. АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ МЕН АЛМАТЫ ӨҢІРІНІҢ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Қоғамның қызметі Алматы және Алматы өңірін жылу және электр энергияларымен қамтамасыз етуге бағытталған, бұл Қазақстанның болашақтағы экономикалық дамуының негізгі басымдықтарының бірі болып келеді. Аталған бағыт, Қазақстан Республикасындағы ең ірі мегаполистің даму қарқынына сәйкес өндірісті көбейте отырып, жылу және электр энергияларын сенімді түрде жеткізілуін қамтамасыз ету арқылы жүзеге асырылады.

Қоғамның аталған бағытқа жетуі келесі мақсаттарға қол жеткізу арқылы жүзеге асырылады:

- белгіленген және қолда бар қуаттылық арасындағы алшақтықты төмендету және жаңа қуатты енгізе отырып, электр және жылу энергияны өндіру көлемін ұлғайту;
- энергияны үнемдеу және энергия тиімділігі саясатын жүргізу;
- жылу және электр энергияны өндіру сенімділігін қамтамасыз ету;
- қоршаған ортаға тигізетін экологиялық әсерді төмендету.

1.3.5. АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛ ҚҰНЫН АРТТЫРУ

Акционерлік капитал құнын арттыру Қоғам дамуының стратегиялық бағыттарының бірі болып келеді.

Акционерлік капитал құнын арттыру бойынша негізгі мақсаттар мен міндеттер:

- жалғыз акционер мүддесін қорғау;
- корпоративтік басқару деңгейін жетілдіру;
- қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету;
- тарифті құру жүйесін жетілдіруге қатысу;



- инновациялық даму;
- энергияны үнемдеу және энергия тиімділігі саясатын жүргізу.

Осы шаралардың жүзеге асырылуы, Қоғам қызметтерінің тұрақты ұсынылуын және өнімді өткізу көлемдерін төмендетпестен, апаттық жағдайлар мен жабдықтардың тоқтау салдарын жоюға кететін шығындарды төмендетуге, өкілетті мемлекеттік органдардың айыппұл салуының алдын алу, компанияның қаржылық ахуалын жақсартуға мүмкіндік береді.

1.3.6. ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

«Самұрық-Қазына» АҚ Қорының Стратегиясында көрсетілгендей, ұзақмерзімді құнның өсуі Қоғамның мүдделерін қоса, барлық қызығушылық танытқан тараптардың мүдделерін есепке алусыз мүмкін емес, сондықтан әлеуметтік жауапкершілік стандарттарын арттыру маңызды стратегиялық бағыт болып келеді. Аталған бағытта ҚР Үкіметі мен «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ әлеуметтік жауапкершілік саласындағы бастамаларын орындауға бағытталған жұмыстар қарастырылған.

1.4. ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

Қоғам Алматы қаласы мен Алматы өңіріне электр энергиясын жеткізу бойынша үстем жағдайға ие және өнім өткізудің нарығын үнемі қамтамасыз етіп отыратын жылу энергиясын монополиялық жеткізуші болып келеді.

Ағымдағы инвестициялық қызмет энергиямен үздіксіз қамтамасыз ету және экологиялық ортаға зиянды әсер етуді төмендету үшін өндірістік қуаттарды жаңарту, қайта құру мен құрылысқа бағытталады.

Қоғамның ұзақ мерзімді даму стратегиясы шеңберінде қуатты арттыру арқылы жылу қуатының жобаланған тапшылығын өтеуге мүмкіндік беретін бірқатар инвестициялық жобаларды жүзеге асыру, Универсиада-2017 объектілерін энергия ресурстарымен қамтамасыз ету, қоршаған орта экологиясын жақсарту және т.с.с. болжанып отыр.

Төменде «АлЭС» АҚ-ның негізгі жобалары көрсетілген.

1.4.1. «АЛМАТЫ 2-ЖЭО ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ КЕҢЕЙТУ. III-КЕЗЕК. № 8 СТ. ҚАЗАН АГРЕГАТЫ» ЖОБАСЫ

№ 8 ст. қазан агрегатының құрылысы келесі жағдайларға қол жеткізу үшін керек:

- станцияның отын балансының қазіргі құрылымында көмір мен мазуттың үлесі 60%-дан асатындықтан 1-ЖЭО-ның Алматы қ. экологиялық жағдайына тигізетін әсерін төмендету үшін, анағұрлым арзан көмірмен жұмыс жасайтын және қала сыртында орналасқан 2-ЖЭО-дағы жылу қуаты резервінің бар болуы, орнатылған қуатты арттыруға арналған әлеуетті мүмкіндіктердің бірі болып келеді;
- жылу беру жабдығын (№8ст. қазан агрегаты) 2-ЖЭО-ға жоспарлы енгізу және оны 1-ЖЭО жылу беру аумағына жеткізу (1-ЖЭО және 2-ЖЭО жылу құбыры арқылы) есебімен 2-ЖЭО-ның жылу қуатын базалы режимде іске қосу үшін;
- «Универсиада-2017» объектілерін энергия ресурстарымен қатамасыз ету үшін.

Аталған шараны жүзеге асыру электр энергияның жылдық өндірісін шамамен 448,5 млн кВт.сағ, ал жылу энергиясын 1149 мың Гкал арттыруға мүмкіндік береді. Құрылысты 2016ж. ІІ-тоқсанында аяқтау көзделген.

1.4.2. «2-ЖЭО, 3-ЖЭО КҮЛ ҮЙІНДІЛЕРІН ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ КЕҢЕЙТУ» ЖОБАСЫ

Бұл жобаны жүзеге асыру Алматы қаласы мен Алматы өңірін электр және жылу энергияларымен үздіксіз қамтамасыз ету үшін қажет.

ИНВЕТОРЛАРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

«Каскад ГЭС (1,2-ГЭС) қайта құру және жаңарту», «АлЭС» АҚ 1-ЖЭО газ-турбина технологиялары базасына жаңа энергия көздерін орната отырып кеңейту» жобаларын жүзеге асыру үшін қарыз қаражатты тарту мақсатында елеулі шетелдік инвесторлармен кездесулер өткізілді. Осылай «Tohoku Electricity Power Co» жапон компаниясы өкілдерімен келіссөздер жүргізілді, атап айтқанда 1-ЖЭО-дағы ГТҚ (газ-турбина қондырғы) құрылысы жөніндегі жобаны жүзеге асыру жайында сөз қозғалды. Аталған жобаны жүзеге асыру станцияның Алматы қ. экологиялық ахуалына тигізетін жағымсыз әсерін азайтуға жол ашады. Каскад ГЭС (1, 2-ГЭС) қайта құру және жаңарту шеңберінде Қазақстан Республикасындағы Бельгия корольдығы елшілігінің сауда- экономикалық бөлімі және «Andritz Hydro» компаниясы өкілдерімен кездесулер өткізілді. Қазіргі уақытта қаржыландыру шарттарын алған соң аталған ұйымдар ұсыныстарын қарастыру жоспарланған.

ИННОВАЦИЯЛАР

Компанияның инновациялық қызметі ресурсты қамтамасыз ету және жеке-лей жүргізілуімен шектелген. Құндылықтың өсуін қамтамасыз ету мақсатында Қоғам өз қызметінде инвестициялық жобалардағы инвестицияларды жоғарлату есебінен ғана емес, инновациялық идеялар мен өнертапқыштық ұсыныстарды қолдауға қатысу жолымен де, сондай-ақ жоғары оқу орындарымен, ғылыми-зерттеу және жобалау институттарымен орталықтандырылған үрдістерді қалыптастыру арқылы инновациялық құрамдастарын жоғарлатуды жоспарлауда.

Инновациялық даму саласында Қоғам қызметі заманауи инновациялық технологиялар мен жабдықтарды қолдана отырып, келесі бағыттағы бағдарламаларды жүзеге асыруға бағытталған:

- Қоғамның концессиясы аумағындағы жүктелімді жабу үшін электр және жылу энергиялар өндірісінің деңгейін сақтау және көбейту;
- өндірістік шығындарды төмендету;
- энергияны үнемдеу және энергия тиімділігі саясатын жүргізу;
- су ресурстарын тиімді пайдалану;
- қоршаған ортаға тигізетін әсерді төмендету;
- заманауи ақпараттық технологиялар мен бағдарламалық кешендерді енгізу;
- қызметкерлердің біліктіліктерін арттыру;
- қызметкерлердің еңбек жағдайларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету.



1.5. 2015 ЖЫЛДАҒЫ ЕЛЕУЛІ ОҚИҒАЛАР МЕН ЖЕТИСТІКТЕР

Қаңтар	Қоғамның МБЖ ISO 9001, ISO 14001, ISO 50001 және OHSAS 18001 стандарттар талаптарына сәйкестігіне бақылау аудитін жүргізу
Ақпан	Бірінші облигациялық бағдарлама шектелімінде шығарылған «АлЭС» АҚ оныншы-он екінші шығарылым облигациялары (НИН КЗР10М52Е422, НИН КЗР11М64Е425, НИН КЗР12М76Е427) «Квазимемлекеттік секторы субъектілерінің борышқорлық бағалы қағаздары» санаты бойынша «Қазақстандық қор биржасы» АҚ ресми тізіміне кіргізілді
2-тоқсан	2-ЖЭО күл-қожды жоюдың аралас жүйесін қайта құру аяқталды (4-технологиялық кезең)
Қазан	1-ЖЭО 80 жылдығы
4-тоқсан	2-ЖЭО-да бас бу құбырын қайта құру аяқталды (1-кезек)
4-тоқсан	2-ЖЭО-да Көк-Өзек су қоймасынан суды алу үшін құрылыстар мен гидробекетті салу аяқталды

1.6. НАРЫҚҚА ШОЛУ ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ КОМПАНИЯНЫҢ НАРЫҚТАҒЫ ЖАҒДАЙЫ. АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙДЫ ТАЛДАУ

1.6.1. ЖАЛПЫ МАҒЛҰМАТ

Қазақстан Республикасының бірыңғай электр энергетикалық жүйесі (БЭЖ) республикамыздың тұтынушыларын сенімді және сапалы түрде энергиямен қамтамасыз ететін электр станциялар, электр беру желілері мен шағын станциялар жиынтығынан тұрады.

Электр энергетика саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын Қазақстан Республикасының Үкіметі әзірлейді және анықтайды.

Электр энергетика саласына басшылық ететін мемлекеттік уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі болып табылады.

Электр энергетика саласы бойынша қадағалау мен бақылауды мемлекеттік энергетикалық қадағалау мен бақылау жөніндегі мемлекеттік органмен – Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетімен жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының электр энергетикасы келесі секторлардан тұрады:

- Электр энергиясын өндіру;
- Электр энергиясын беру;
- Электр энергиясымен жабдықтау;
- Электр энергиясын тұтыну;
- Электр энергетикасы саласындағы өзге де қызмет.

«АлЭС» АҚ халықты, өнеркәсіптік және ауылшаруашылық кәсіпорындарын электр және жылу энергияларымен қамтамасыз етеді және табиғи монополия субъектісі болып келеді.

«АлЭС» АҚ-ның жылу және электр энергия түрінде өндіретін өнімі Алматы қаласы мен Алматы өңірінің ішкі нарығына көзделген және қажеттілігі бойынша үздіксіз қолданылады.

«АлЭС» АҚ электр станцияларының жалпы белгіленген қуаты 2016 жылдың 1 қаңтарындағы жағдайы бойынша 1 238,9 МВт; қолда бар қуаты – 925,4 МВт.

«АлЭС» АҚ электр станцияларының жалпы белгіленген жыру қуаты 2016 ж. 1 қаңтарындағы жағдайы бойынша 3 814,3 Гкал/сағ; қолда бары - 2 904,6 Гкал/сағ.

**«АлЭС» АҚ ЭЛЕКТР
СТАНЦИЯЛАРЫНЫҢ
ЖАЛПЫ
БЕЛГІЛЕНГЕН
ҚУАТЫ 2016
ЖЫЛДЫҢ 1
ҚАҢТАРЫНДАҒЫ
ЖАҒДАЙЫ
БОЙЫНША 1 238,9
МВт; ҚОЛДА БАР
ҚУАТЫ – 925,4 МВт.**



1.6.2. ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫ НАРЫҒЫ

Электр энергиясы нарығы қамтиды: электр энергиясының көтерме және бөлшек сауда нарығын.

Электр желілерін иеленетін жүйелік оператор, өңірлік электр желілік компаниялар және өзге де ұйымдар, табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар саласында басшылық ететін мемлекеттік органмен белгіленген тәртіпте барлық қатысушыларға электр энергиясы нарығына кемсітусіз қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

Электр энергиясы нарығында электр энергиясын өндіру, беру және тұтыну бойынша туындайтын қарым-қатынастар сәйкес шарттармен реттеліп отырылады.

Қазақстан Республикасындағы электр энергиясы көтерме сауда нарығының функционалды құрылымы:

- электр энергияны сатып алу – сатудың орталықсыздандырылған нарығы (электр энергияны сатып алу – сатудың екі тарапты шарттары);
- қысқа мерзімді (спот-сауда), орташа мерзімді (апта, ай), ұзақ мерзімді (тоқсан, жыл) негізде электр энергияны сатып алу – сату мәмілелерін жүзеге асыратын электр энергияны сатудың орталықтан-дырылған нарығы;
- Жүйелік оператормен электр энергиясын өндіру-тұтынудың тәуліктік кестесінде бекітілген, Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесіндегі электр энергиясын өндіру-тұтынудың нақты және шарттық шамалары арасында операциялық тәулікте туындайтын сағат сайынғы теңгерімсіздіктерді табиғи және бұдан кейінгі қаржылық реттеу мақсатында жұмыс істейтін нақты уақыт режиміндегі теңгерімдеуші нарығы (қазіргі уақытта теңгерімдеуші нарығы имитациялық режимде жұмыс жасайды);
- мемлекеттік стандарттармен белгіленген, Қазақстан Республикасының БЭЖ жұмысының сенімділігі мен электр энергиясының сапасын қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының БЭЖ Жүйелік операторы жүйелік қызметтерді көрсетуді және Қазақстан Республикасының электр энергия нарығындағы субъектілерден көмекші көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыратын жүйелі және көмекші көрсетілетін қызметтер нарығы;
- электр энергияның болжамды теңгерімі негізінде анықталған, электр энергияға сұранысты қанағаттандыру және Қазақстан Республикасының БЭЖ-дегі электр қуатының шамасын қолдау үшін жеткілікті көлемдегі жаңа электр қуатын енгізуге арналған инвестицияларды жұмылдыру мақсатында жұмыс істейтін электр қуатының нарығы.

«АлЭС» АҚ «Электр энергияны көтерме сауда арқылы жүзеге асыру» қызметінің түрі бойынша нарықтағы үстем және монополиялық жағдайға ие субъектілердің Мемлекеттік тізіліміне тіркелген.

Өндірілген электр энергиясы тұрақты түрде келесі тұтынушыларға өткізіледі:

2015 жылғы жұмыс нәтижесі бойынша

Тұтынушылар	Мың кВт.сағ	Үлесі, %	
«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС	2 967 435	67,6	
«Алатау Жарық Компаниясы» АҚ	1 020 900	23,3	
	«Бастау» ҚММ	101 066	2,3
«Алматы Су Холдингі» ҚММ	«Тоспа Су» ҚММ	26 837	0,6
	«Су желісі» ҚММ	9 954	0,2
«Алматы Халықаралық аэропорты» АҚ	41 410	0,9	
«КазФерроСталь» ЖШС	80 784	1,8	
«ҚТЖ ҰК» АҚ – «Магистральды желілер дирекциясы»	3 465	0,1	
«Kaz Electro» ЖШС	136 161	3,1	
Өзгелер	12 633	0,1	
Барлығы:	4 400 645	100,0	



Алматы қаласы және Алматы облысы бойынша электр энергияның нарығы «АлЭС» АҚ энергия көздерінен электр энергияның 65–70%-ын жеткізу есебінен және электр энергияның 35–30%-ын Қазақстан Республикасының өзге де көздерінен сатып алу есебінен құралады.

«АлЭС» АҚ электр энергиясын негізгі тұтынушылар – өз шығындарын өтеу үшін электр энергияны сатып алатын энергиямен жабдықтайтын ұйым «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС және энергия беретін ұйым «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ.


ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯ ТЕҢГЕРІМІ

«АлЭС» АҚ бойынша 2015 жылы электр энергияны өндіру 5 085 558 мың кВт·сағ құрады, соның ішінде:

- жылу электр станцияларымен 4 035 232 мың кВт·сағ;
- гидроэлектр станцияларымен 1 050 326 мың кВт·сағ.

2015 жылда электр энергияны өндіру 2014 жылмен салыстырғанда 49 903 мың кВт·сағ. немесе 1 %-ға көбейді.

«АлЭС» АҚ электр станцияларында электр энергия өндірісінің өсуі 3-ЖЭО – 81 856 мың кВт·сағ-қа (7,8%), Қапшағай ГЭС – 20 240 мың кВт·сағ-қа (2,4%), Каскад ГЭС – 34 285 мың кВт·сағ-қа (21,8%) үлкен жүктемемен жұмыс істеуінің нәтижесі.



«АЛЭС» АҚ-НЫҢ ГЭС-ТЕРІНДЕ ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯНЫ ӨНДІРУ ЖОҒАРЫ АҒЫНҒА БАЙЛАНЫСТЫ 2014 ЖЫЛМЕН САЛЫСТЫРҒАНДА 54 525 МЫҢ КВТ·САҒ-ҚА НЕМЕСЕ 5,5%-ҒА КӨБЕЙДІ.

ГЭС ЖҰМЫСЫНЫҢ РЕЖИМІ СУ ШАРУАШЫЛЫҚ ТЕҢГЕРІМІМЕН ЖӘНЕ ГИДРОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙҒА БАЙЛАНЫСТЫ АНЫҚТАЛЫП ОТЫРЫЛДЫ.


1.6.3. ЖЫЛУ ЭНЕРГИЯСЫН ӨТКІЗУ НАРЫҒЫ

«АлЭС» АҚ «Жылу энергиясын өндіру, беру, тарату және (немесе) жабдықтау» қызметінің түрі бойынша табиғи монополия субъектілерінің Мемлекеттік тіркелімінің Республикалық бөліміне тіркелген.

Өндірілген жылу энергиясы келесі тұтынушыларға берілді:

2015 жылдағы жұмыс нәтижесі бойынша

Тұтынушылар	мың Гкал.	Үлесі, %
«Алматы жылу желілері» ЖШС (Алматы қ.)	4 908,1	98,2
«Жылу желілері» (Алматы обл., Іле ауданы, Өтеген батыр кенті)	68,8	1,3
Өзге де тұтынушылар (7 бірлік санында)	22,9	0,5
Барлығы:	4 999,8	100,0



- «Алматы жылу желілері» ЖШС (Алматы қ.)
- «Жылу желілері» ЖШС (Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр кенті)
- Өзге де тұтынушылар

Алматы қаласын жылумен жабдықтау келесі көздермен қамтамасыз етіледі:

- **Орталықтандырылған жылумен жабдықтау аймақтары** («Алматы жылу желілері» ЖШС жылу магистральдары арқылы – жиынтық жылу жүктемесі ≈60%):

2015 жылдағы жұмыс нәтижесі бойынша


Энергия өндіретін ұйым атауы	мың Гкал.	үлесі, %
«Алматы электр станциялары» АҚ	5 031,1	76,0
«Алматытеплокоммунэнерго» ЖШС	1 586,4	24,0
Барлығы:	6 617,5	100,0

- **орталықсыздандырылған жылумен жабдықтау аймақтары** (≈40% жиынтық жылу жүктемесімен) – 1 000 астам қазандықтар мен жылу беретін пештер (автономды жылыту жүйесін қоса алғанда).

Алматы қаласының «АлЭС» АҚ-ның жылу шығаратын көздерінен алатын орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйесі қаланың орталық, батыс және шығыс бөліктерін қамтиды.

1-ЖЭО, 2-ЖЭО, БЖК біріге жұмыс жасайды және олардың әрқайсысының өзге жылу көздерінде жылу жүктемесі төмендеген жағдайда, қосымша жүктемені алатындай сызбалық мүмкіндіктері бар.

«АлЭС» АҚ-ның көлемдері белгіленген және жеткізу талаптары көрсетілген жылумен жабдықтайтын ұйымдармен жылу энергиясын жеткізуге арналып жасалған шарттары бар, мұндай ұйымдардың бірі «Алматы жылу желілері» ЖШС. Жылу энергиясы мен жылу жеткізгішінің көлемдерін тұтынушылар, көрсететін қызметтерінің көлемдерін жылу энергиясы мен жылу жеткізгішінің соңғы тұтынушыларымен жасалған шарт бойынша анықтайды.



«АлЭС» АҚ-да күнделікті жылу энергиясын өндіру «Алматы Жылу Желілері» ЖШС тапсырысына сәйкес жүргізіледі.

Осылай, «АлЭС» АҚ электр және жылу энергияларын өткізудің кепілді тұрақты нарығын иеленеді. Алматы өңіріндегі экономиканың дамуы мен өсуі жағдайында, сондай-ақ энергияны түрлендіретін жаңа қуаттарды енгізу жөніндегі тапсырмаларды ескере отырып, электр және жылу энергияларын өткізудің көлемдері «АлЭС» АҚ өнімін негізгі тұтынушылар өзгермеген жағдайда өсе бермек.

1.7. СЫРТҚЫ ЖӘНЕ ІШКІ ОРТАНЫ ТАЛДАУ

1.7.1. СЫРТҚЫ ОРТАНЫ ТАЛДАУ

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОРТА

Электр энергетикалық кешен Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық саласында шешуші роль атқарады және экономиканың басым секторларының бірі ретінде анықталады.

Саланың сенімді және тиімді өрекеті, тұтынушыларды электр және жылу энергиясымен тұрақты қамтамасыз ету ел экономикасы дамуының негізі және тұрғындар тіршілігінің өркениетті деңгейін қамтамасыз етудің ажырамас бөлігі болып келеді.

Алматы қаласы мен Алматы облысы бойынша қазіргі нарықтың 65–70%-ы «АлЭС» АҚ энергия көздерінен алынатын электр энергиясы жеткізілімдерінен, қалған 35–30%-ы Қазақстан Республикасының басқа да көздерінен сатып алынатын электр энергиясы есебінен қамтамасыз етіледі.

Қоғамның өндіретін жылу энергияның негізгі сатып алушысы – жылумен жабдықтаушы компания «Алматы жылу желілері» ЖШС.

Қоғамның өндіретін электр энергиясының негізгі сатып алушысы «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС – энергиямен жабдықтаушы компания.

ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ОРТА

Электр энергетикасы саласы инвестициялық жобаларды өзірлеу мен оларды жүзеге асыру үрдістеріне қойылатын талаптардың жоғары деңгейімен байланысты капитал сыйымдылығы жоғары мен ғылыми еңбек сіңіруді қажетсінетін сала. Қоғамның бұдан әрі де тиімді жұмыс істеуі, қолданыстағы жабдықтарды ұтымды түрде жаңарту мен өнімді өндіру барысында энерго тиімді технологияларды енгізу жетістігінің деңгейіне байланысты.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ОРТА

Еліміздің экологиялық саясатын жетілдіру заңнамаларды, соның ішінде, шығарындылар нормасын белгілеуге қатысты және оларды сақтамағаны үшін артылатын жауапкершілікті күшейтуге әкеледі. Қазіргі уақытта әрбір энергия өндіретін ұйым үшін берілетін квоталар саны Киота хаттамасына сәйкес Ұлттық жоспармен анықталады. Азот тотығы, күкірт және қатты

заттар (күл) сияқты зиянды заттардың атмосфераға шығарылатын эмиссиялары, нормадан артық болған жағдайда айыппұл салынатындай шекті ұйғарынды нормалармен шектелген.

ҚҰҚЫҚТЫҚ ОРТА

Қоғам қызметін құқықтық реттеудің негізі ҚР монополияға қарсы заңнамасымен және «Электр энергетикасы туралы» заңымен орнатылады.

Электр энергетикасы саласындағы қолданыстағы заңнамалар 2015 жылдан кейінгі электр энергиясына және электр қуатының дайын күйін қолдау жөніндегі қызметтерге арналған шекті тарифтерді белгілеу механизмінде белгісіздіктер бар, бұл өз кезегінде Қоғамның қаржылық тәуекелдерінің негізгі көздерінің бірі болып келеді. Электр энергиясына шекті бағаларды белгілеу механизміндегі белгісіздік көмір, су бағасының, көлік шығындары, энергетикалық жабдықтарға арналған қосалқы бөлшектер бағасының өсуімен байланысты.

Табиғи монополия субъектілерінің қызметін реттеу, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитетімен жүзеге асырылады. Осыдан басқа, осы саладағы заңнама, өтелетін шығындардың тізімі мен көлемін анықтау құзыретін жергілікті атқарушы билік органдарының айтарлықтай ықпалында болатын жергілікті реттеу орындарына қалдырады.

Қазақстанның Бірыңғай экономикалық кеңістікке және ДСҰ-ға мүше болуы электр энергиясы мен көмірді экспорттау мен импорттау бойынша жасалатын өзара тиімді операциялардың мүмкіндіктерін кеңейтті, сонымен қатар, активтердің инвестициялық тартымдылығын арттыруға мүмкіндік береді.

САЛА

Қазақстанның барлық электр станцияларының белгіленген жиынтық қуаты 20 мың МВт құрайды, ал іс жүзіндегі қуаты – 15 мың МВт. Қазақстан жылына 91,9 млрд кВт/сағ. электр энергиясын өндіреді.

Қазақстан Республикасының үдемелі индустриалды-инновациялық дамуының Мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, электр энергиясын өндірудің жалпы көлеміндегі энергияның жаңғыртылатын көздерінің үлесі 2015 жылы 1%-дан асты.

Қазақстанда электр энергиясын әртүрлі меншік формаларындағы 70 астам электр станциялары өндіреді. Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігінің мәліметі бойынша Қазақстан электр станцияларының жалпы белгіленген қуаты 19 798,0 МВт-ты, қолданыстағы қуаты – 15 765,0 МВт-ты құрайды.

Қазақстан күн энергиясы, геотермалды энергия, жел және биомасса энергиясы сияқты жаңғыртылатын энергия көздерінің қуатты қорына ие. Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейін Стратегиялық даму жоспарына сәйкес 2020 жылға қарай электр энергиясын тұтынудың жалпы көлеміндегі ЭЖК үлесі 3%-дан астамын құрауы керек.

1.7.2. ІШКІ ОРТАНЫ ТАЛДАУ


«АлЭС» АҚ-ның ішкі ортасы ұйымдық мәдениет, ұйым ішіндегі үрдістер, кадр, технология сияқты факторлардан құралады. Бұлардың әрқайсысына толығырақ тоқталайық.

«АлЭС» АҚ ұйымдық құрылымы

«АлЭС» АҚ – қызметі ережелер және талаптармен реттеліп отыратын, Алматы қаласы мен Алматы өңірінде жылу және электр энергиясын өндіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын энергия өндіретін ұйым.

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ
БАРЛЫҚ ЭЛЕКТР
СТАНЦИЯЛАРЫНЫҢ
БЕЛГІЛЕНГЕН
ЖИЫНТЫҚ ҚУАТЫ
20 МЫҢ МВТ
ҚҰРАЙДЫ**





«АлЭС» АҚ қызметкерлердің үлкен тұрақты көлемінен тұрады. Ұжым мүшелері іс-әрекет еркіндігін ие. Өндіріс сипаты ұйым ішінде деңгейлес өзара байланысты қажетсінетіндіктен, қызметкерлер өзара тығыз әрекеттесу арқылы оң нәтижеге қол жеткізеді. «АлЭС» АҚ құрылымының арқасында жедел әрекет ету және дұрыс шешімдер қабылдау мүмкіндігіне ие.

«АлЭС» АҚ жобалау және функционалды тәсілдерді құрамдастыра отырып әрекет етеді. Функционалды тәсіл бірдей шаруашылық және өндірістік қызметтерді өндірістік департаменттер шеңберінде біріктірумен сипатталады.

Ішкі ұйымдық үдерістер

Ішкі ұйымдық үдерістер коммуникативтік, үйлестіру және басқарушылық шешімдерді қабылдауды қамтиды.

Коммуникация

«АлЭС» АҚ ақпараттармен алмасу мәселелері бойынша компьютерлендірудің жоғары деңгейімен ерекшеленеді. Internet-ке кіру мүмкіндігі бар, Қоғамның барлық компьютерлері бір желіге біріктірілген. Ішкі телефон желісі бар. Қызметкерлердің өзара қарым –қатынас жасау мәнері қарапайым, қызметкерлер бір-бірімен ашық қарым қатынаста. Қоғамда сыйластыққа негізделген ықыласты көңіл райы қалыптасқан. Бұйрықтар және өзге де ресми құжаттар жазбаша ресімделеді.

Үйлесімділік

Қоғам жұмысының дұрыс және жедел ұйымдастырылуын қадағалап отыратын Басқарма Төрағасы Қоғамдағы барлық негізгі үдерістерді бақылауында ұстайды. Құрылымдық бөлімдер ішінде бақылауды үдерісті басқарып отыратын бөлім басшылары жүргізеді. Барлық ұйымдық және өндірістік сипаттағы мәселелер, барлық жеке құрылымдық бөлімдердің пікірі ескерілетін, әрекет бірлігі қамтамасыз етілетін Қоғам Басқармасының, Директорлар кеңесінің және Жалғыз Акционердің шешімімен шешіледі.

Басқарушылық шешімдерді қабылдау

Қоғамда басқарушылық шешімдерді қабылдау, өздеріне қатысты барлық жеке құрылымдық бөлімдердің тікелей қатысуы арқылы жүзеге асырылады. Жалпы идея ұсынылады, дамудың бірдей бағыты

анықталады, мамандар оны әрі қарай іске асырумен айналысады. Бұл ретте, мамандардың өз пікірлерін білдіру мүмкіндігі бар барлық құрылымдық бөлімдермен өзара байланыста болады.

Сонымен бірге қандай да бір шешімді қабылдау үшін «ой-талқы» тәсілі қолданылады: қызметкерлерге алдын ала тапсырма беріледі, қажетті ақпараттар ұсынылады, кеңестің өткізулі мерзімі тағайындалады, осыдан кейін кеңеске қатысушылар өз пікірлерін айтады, айтылған пікірлердің бірде бірі назардан тыс қалмайды, толықтай қарастырылып, ішінен әлдеқайда тиімдісі таңдалады.

Ұсынылатын идеялардың мақсатқа сайлығына және қабылданған шешімдердің ұтымдығына қызметкерлердің Қоғамдағы істердің жағдайы туралы хабардар болуының деңгейі әсер етеді.

Ұйымдық мәдениет

«АлЭС» АҚ-дағы мәдениет әрбір жеке тұлғаның өзіне жүктелген міндеттерді жоғары деңгейде орындауға ұмтылуына негізделеді, қызметкерлер еркін, бір-біріне сенім артып, бірлесе жұмыс атқарады.

«АлЭС» АҚ-ның корпоративтік мәдениеті әрбір қызметкермен атқарылған істің маңызын ескере отырып, олардың компания өміріне қосқан үлестерін көтермелейді.

«АлЭС» АҚ Басшылығы қызметкерлердің келесі қағидаларды сақтауын талап етеді:

- әр қызметкердің сыртқы келбетінен бастап өзін ұстау мәдениеті, сөйлеу мәнері сияқты қасиеттеріне, өзін жетілдіріп отыруға жауапты болуын;
- білігі мен кәсібилігін жоғарлатуды;
- серіктестіктерге талапшыл болуды;
- нормативтік құжаттар мен нұсқаулықтар талаптарының сақталуын қатаң қарауды;
- барлық жағдайда: жұмыс орнында, іс-әрекетте, құжаттарда тәртіп сақтауды;
- серіктестіктермен қарым – қатынаста адал болу, ұжымда біртұтас ұйымшыл команда сезімін қалыптастыру.

Қорытынды: «АлЭС» АҚ қызметкерлерінің өз жұмысына толығымен көңілдері толады, сондай-ақ Басқарма Төрағасы ұжымның кадр құрамына қанағаттанады.

1.7.3. SWOT-ТАЛДАУ

Ішкі және сыртқы ортаны талдау нәтижесінде Қоғамның мықты да, әрі осал жақтары анықталды, сондай-ақ қолымыздағы мүмкіндіктер мен тәуекелдер төмендегі кестеде көрсетілген.

3-кесте. SWOT-талдау

Мықты жақтары	Осал жақтары
Алматы қ. және Алматы облысы өңірінде жылу және электр энергиясын өндіру бойынша басым жағдайда.	Жабдықтардың физикалық және моральды тозуы.
Басқарушы қызметкерлердің аталған салада айтарлықтай тәжірибесінің болуы.	Қажетті инвестициялық жобаларды қаржыландыруға қажетті қаражат жетіспеушілігі.
	Тиімділігі аз активтердің болуы
Мүмкіндіктер	Қауіп-қатерлер
Өндіретін қуаттарды дамыту бойынша әлеуеттің бар болуы.	Экологиялық талаптардың шектен тыс қаталданырылуы.
Қазақстанның Оңтүстік өңіріндегі электр энергетикасы нарығында рөлді күшейту.	Көмір, газ, су бағасының өсуі.
Өнімге деген сұранысты арттыру.	Заңнаманың өзгеруі (экспорттық баж салығының артуы, салықтың көбеюі және т.с.с.).

2.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖӘНЕ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ



2.1	Қаржы көрсеткіштері	30
2.2	Табыс құрылымы	31
2.3	Шығын құрылымы	34
2.4	Өтемпаздық және қаржы тұрақтылығының көрсеткіштері	38
2.5	Меншікті және қарыз капитал құрылымы	38
2.6	Акционерлік капитал құрылымы және құнды қағаздар	39
2.7	Активтер құрылымы	40
2.8	2015-2019 ж. табыс болжамы	40
2.9	2016 жылға арналған негізгі мақсаттар мен міндеттер	41
2.10	Қоғамның 2015 жылдағы инвестициялық қызметі	41



2.1. ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

Бұл бөлімде «АлЭС» АҚ қызметінің нәтижелері мен қаржылық ахуалындағы негізгі үдерістер мен елеулі өзгерістерді анықтауға және бағалауға мүмкіндік беретін қаржы – шаруашылық қызметінің негізгі көрсеткіштері мен оларды талдамасы беріледі.

Негізгі қаржылық көрсеткіштер

Көрсеткіштер, млн. теңге	2013	2014	2015	2015 жылға 2014, %	2016	2017	2018
	факт	факт	факт		болжам	болжам	болжам
Түсім	48 694	51 909	53 175	102%	53 240	60 644	60 787
Өндірістің өзіндік құны	-40 400	-44 054	-45 597	104%	-50 360	-55 718	-56 988
Жалпы пайда	8 294	7 856	7 578	96%	2 880	4 926	3 800
Жалпы және әкімшілік шығындар	-1 897	-1 896	-1 879	99%	-1 743	-1 843	-1 930
Өзге де операциялық табыс	1 643	116	91	79%	0	0	0
Өзге де операциялық шығындар	-161	-906	-1 309	144%	0	0	0
Операциялық пайда	7 879	5 169	4 481	87%	1 137	3 083	1 870
Қаржылық табыстар	45	124	170	137%	0	0	0
Қаржы шығындары	-872	-737	-18 063	2451%	-5 244	-2 235	-1 849
Салық салынғанға дейінгі пайда / Шығын (-)	7 052	4 556	-13 412	-294%	-4 106	848	22
Табыс салығы бойынша шығын(-) / үнем	-1 505	-1 433	2 397	-167%	0	-170	-4
Жылдық (пайда / шығын (-))	5 547	3 123	-11 015	-353%	-4 106	679	17

2015 жылы 2014 жылмен салыстарғанда, «АлЭС» АҚ нәтижесіне ықпалын тигізген факторлар:

- жылу энергиясын өткізу және химиялық тазартылған суды өткізу көлемінің төмендеуі;
- электр энергиясы мен жылу энергиясын өндіру жөніндегі қызметтер тарифінің өсуі;
- мемлекетіміздің инфляциялық таргеттеу режиміне негізделген және ұлттық валютаның айыр-бастау бағамының еркін өзгермелі режимін қарастыратын ақша-несие саясатына көшу.

«Алматы 2-ЖЭО қайта құру және кеңейту. III-кезек. №8 ст. қазан агрегаты» инвестициялық жобасын қаржыландыру үшін ақшалай қаражат тарту мақсатында 2014–2015 жж. алғашқы облигациялық бағдарлама шегінде Қоғам 20 048 млн теңге сомасында облигациялар шығарды. АҚШ доллары бағамының өсуі салдарынан облигациялық қарыз бойынша номиналды құнның артуы 17 258 млн теңгені құрады.


Алдағы уақытқа арналған болжам:

«АлЭС» АҚ төменде келтірілген себептерге байланысты 2016 жылы 4 106 млн теңге мөлшерінде залалды болжайды:

- «Алматы 2-ЖЭО қайта құру және кеңейту. III-кезек. №8 ст. қазан агрегаты» инвестициялық жобасын қаржыландыру үшін жұмылдырылған индекстелген облигациялық қарыздың номиналды құнының өсуі салдарынан қаржыландыру шығындарының артуымен;
- электр және жылу энергиясының тарифтерін 2015 жылдың деңгейінде сақтай отырып, тауар, жұмыс және қызметтер бағасының өсуімен;

«АлЭС» АҚ 2017–2018 жж. жылу энергиясы мен химиялық тазартылған суды өткізу көлемін арттыру есебінен, сонымен қатар, аталған қызметтер бойынша тарифтердің өсуі мен қаржыландыру шығындарының төмендеуі есебінен пайданы артыруды болжайды.

Қызмет табыстылығы



2.2. ТАБЫС

Табыс құрылымы

Көрсеткіштер, млн. теңге	2013	2014	2015	2015 жылға 2014, %	2016	2017	2018
	факт	факт	факт		болжам	болжам	болжам
Табыс	50 382	52 149	53 436	102	53 240	60 644	60 787
Түсім	48 694	51 909	53 175	102	53 240	60 644	60 787
Өзге де операциялық табыс	1 643	116	91	79	0	0	0
Қаржылай табыс	45	124	170	137	0	0	0

Қоғамның 2015 жылғы табысы 53 436 млн теңгені құрады. Табыстың артуы 2014 жылмен салыстырғанда түсімнің артуы есебінен 2%-ға немесе 1 288 млн теңгені құрады. Жалпы табыстағы түсім үлесі 99,5%-ды құрады, бұл 53 175 млн теңгеге сәйкес.


Алдағы уақытқа арналған болжам:

«АлЭС» АҚ 2016 жылы табыс көлемі 2015 жылдың деңгейінде сақталады деп болжайды. Қоғам қаланың дамуы және жаңа объектілерді пайдалануға беру, сонымен қатар осы қызметтер тарифінің өсуі есебінен жылу энергиясын өндіру мен химиялық тазартылған суды өткізу көлемін ұлғайту есебінен 2017–2018 жылдары табысты ұлғайтуды болжамдайды.


Түсім құрылымы

Көрсеткіштер, млн. теңге	2013	2014	2015	2015 жылға 2014, %	2016	2017	2018
	факт	факт	факт		болжам	болжам	болжам
Түсім	48 694	51 909	53 175	102	53 240	60 644	60 787
Электр энергиясы өндірісі	35 175	35 419	37 845	107	36 235	37 355	37 355
Жылу энергиясы өндірісі	12 564	14 699	13 659	93	15 314	21 075	21 075
Химиялық тазартылған суды өткізу	955	1 792	1 671	93	1 692	2 214	2 357


Түсім құрылымы




Электр энергиясын өндіру
 Жылу энергиясын өндіру
 Химиялық тазартылған суды өткізу



2013



2014



2015

Негізгі қызмет бойынша табыс құрылымында 2014 жылдың көрсеткіштерімен салыстырғанда елеулі өзгерістер болған жоқ. Табыстың шамамен 70% электр энергиясын өндіруден түседі. 2015 жылы электр энергиясын өндіруден түскен пайда 2014 жылғы 68% салыстырғанда артып, 71% құрады, бұл жылу энергиясы мен химиялық тазартылған суды өткізу көлемдерінің төмендеуімен, сонымен қатар, өткізілген электр энергиясы көлемінің және электр энергиясы тарифтерінің артуымен байланысты. Негізгі қызметтен түсетін табыс құрылымындағы жылу энергиясын өндіру мен химиялық тазартылған суды өткізуден түсетін табыс үлесі сәйкесінше 2% және 1% төмендеді.

Алдағы уақытқа арналған болжам:

«АлЭС» АҚ 2017–2018 жылдары жылу энергиясын өндіру мен химиялық тазартылған суды өткізуден түсетін табыс көлемін ұлғайтуды болжайды, оған осы аталған қызметтерді өткізу көлемі мен тарифтерді ұлғайту есебінен қол жеткізу мүмкіндігі қарастырылып отыр.

Қызметтерді өткізу көлемі

Көрсеткіштер	2013	2014	2015	2015 жылға 2014,	2016	2017	2018
	факт	факт	факт	%	болжам	болжам	болжам
Электр энергиясын өткізу көлемі, млн. кВтсағ	4 510	4 319	4 401	102	4 213	4 344	4 344
Жылу энергиясын өткізу көлемі, мыңГкал	4 953	5 572	5 000	90	5 442	6 071	6 071
Химиялық тазартылған суды өткізу көлемі, мың м ³	33 289	30 662	28 592	93	28 949	36 714	36 714

2014 жылдың көрсеткіштерімен салыстырғанда 2015 жылы электр энергиясын өткізу көлемі көрсеткіштерінің артуы ЖЭО-дағы электр энергиясын конденсациялық өндірумен және ГЭС бойынша Қапшағай су қоймасы мен Үлкен Алматы өзені ағындарының ұлғаюына байланысты.

Алдағы уақытқа арналған болжам:

«АлЭС» АҚ Қапшағай су қоймасы мен Үлкен Алматы өзенінің орташа ағынын есепке ала отырып, 2015 жылғымен салыстырғанда, 2016–2018 жылдары электр энергиясын өткізу көлемін төмендетуді болжайды.

2014 жылмен салыстырғанда 2015 жылы жылу энергиясын өткізу көлемінің төмендеуі ауа температурасының көтерілуіне байланысты Алматы қаласының жылу энергиясын тұтынудың азаюына тәуелді.

2014 жылмен салыстырғанда 2015 жылы химиялық тазартылған су өткізу көлемінің төмендеуі Алматы қаласының ыстық суды пайдалану көлемінің азаюымен байланысты.

Алдағы уақытқа арналған болжам:

«АлЭС» АҚ қаланың даму жоспарына және жаңа объектілер құрылысына негізделі отырып, 2016-2018 жылдары жылу энергиясы мен химиялық тазартылған суды өткізу көлемін ұлғайту мүмкіндігін болжап отыр.

Тарифтер

Көрсеткіштер	2013	2014	2015	2015	2016	2017	2018
	факт	факт	факт	жылға 2014,%	болжам	болжам	болжам
Электр энергиясын өндіру тарифі, теңге/кВтсағ.	7,80	8,20	8,60	105	8,60	8,60	8,60
Жылу энергиясын өндіру тарифі, теңге/Гкал	2 536,86	2 637,81	2 731,91	104	2 813,77	3 471,58	3 471,58
Химиялық тазартылған суды өндіру тарифі, теңге/м ³	28,69	58,44	58,44	100	58,44	60,30	64,21

Компанияның операциялық қызметі «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» және «Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасының заңдарымен реттеліп отырады.

Тарифтер «шығындар плюс» жүйесіне негізделген – электр және жылу энергияларын өндіру құнына және басқа да шығындарға плюс құны мен басқа да шығындары жоғарыда аталған нормативтік құжаттарға сәйкес анықталатын пайда нормасы қосылады. Іс жүзінде тарифтерге қатысты шешімдер елеулі дәрежеде әлеуметтік және саяси мәселелер ықпалына ұшырайды. Осылайша, Қазақстан Республикасы Үкіметінің экономикалық, әлеуметтік және өзге де саясаттары компанияның операциялық қызметтеріне елеулі түрде әсер ете алады.

Энергия өндіруші ұйымдарға арналған «инвестицияны тарифтерге айырбастау» қағидасы бойынша инвестициялық құрамдасты қарастыратын тарифтер Үкімет қаулысымен 2009–2015 жылдар мерзіміне бекітілген, бұл өз кезегінде қолданыстағы активтердің көлемді жаңартылуын, қайта құрылуы мен техникалық қайта жабдықталуын қамтамасыз ете алған Қазақстанның энергетикалық саласының тартымдылығын арттыруға мүмкіндік берді. Электр энергиясының бағасы Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылдың 20 ақпанындағы № 105 бұйрығымен бекітілген «Есептік тарифті айқындау, шекті және жеке тарифтерді бекіту қағидаларына» сәйкес анықталады және Қазақстан Республикасы Энергетика министрімен келісімделіп, бекітіледі. Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылдың 27 ақпанындағы № 160 бұйрығымен энергия өндіруші ұйымдар топтары бойынша тарифтердің шекті деңгейлері белгіленді.

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылдың 27 ақпанындағы № 153 бұйрығымен «АлЭС» АҚ энергия өндіруші ұйымдардың 10 тобына енгізілді. Энергетика министрлігімен бекітілген 2015 жылдарға арналған инвестициялық міндеттемелерді орындау жөніндегі 2014 жылдың 30 қазанындағы № 383 келісімге сәйкес 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізілетін электр энергиясын өндіру тарифі 8,6 теңге/кВт.сағ мөлшерінде белгіленді.

Алдағы уақытқа арналған болжам:

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылдың 27 ақпанындағы № 160 бұйрығымен 2016–2018 жылдардағы мерзімге электр энергиясының тарифтері 8,6 теңге/кВт.сағ мөлшерінде белгіленіп бекітілді.

**ЭЛЕКТР
ЭНЕРГИЯСЫН
ӨНДІРУДЕН
ТҮСКЕН ТАБЫС
2014 ЖЫЛЫ 68%
ҚҰРАҒАН БОЛСА,
2015 ЖЫЛЫ 71%
ҚҰРАДЫ**



Жылу энергиясының тарифтері Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2013 жылғы 25 сәуірдегі № 130-НҚ бұйрығымен бекітілген «Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) бекіту кезінде қолданылатын шығындарды қалыптастырудың ерекше тәртібі туралы ережеге» сәйкес анықталады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу агенттігі және бәсекелестікті қорғау комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментінің 2014 жылдың 21 қарашасындағы №64-НҚ және Алматы облысы бойынша департаментінің 2014 жылдың 24 қарашасындағы № 50-НҚ бірлескен бұйрықтарымен 2014 жылдың 5 желтоқсанынан бастап қолданысқа енгізілетін «АлЭС» АҚ жылу энергиясын өндіру қызметіне төтенше реттеу шарасы ретінде 2731,91 теңге Г/кал мөлшерінде тариф белгіленді.

Табиғи монополияларды реттеу агенттігі және бәсекелестікті қорғау комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментінің 2013 жылдың 20 желтоқсанындағы № 260 – НҚ және Алматы облысы бойынша департаментінің 2013 жылдың 20 желтоқсанындағы № 398 – НҚ бірлескен бұйрықтарымен қолданысқа 2014 жылғы 1 қаңтардан бастап енгізілген «АлЭС» АҚ химиялық тазартылған суды дайындау қызметіне төтенше реттеу шарасы ретінде 58,44 теңге/м3 мөлшерінде тариф белгіленді.

Алдағы уақытқа арналған болжам:

2015 жылдың желтоқсанында Қоғам 2016-2020 жылдарға жылу энергиясын өндірудің шекті тарифін бекітуге өтінім ұсынды. Оны 2016 жылдың шілде айында қолданысқа енгізу жоспарланған.

2016 жылдың наурыз айында Қоғам 2016 жылдың қазан айында қолданысқа енгізу жоспарланған 2016–2020 жылдарға химиялық тазартылған суды дайындау қызметіне шекті тариф бекітуге өтінім тапсырды.

2.3. ШЫҒЫНДАР

2015 жылы шығындар 19 256 млн теңгеге көбейіп, 66 848 млн теңгені құрады. Шығындардың көбеюі келесі себептермен негізделеді:

- «Алматы 2-ЖЭО қайта құру және кеңейту. III-кезек. № 8 қазан агрегаты» инвестициялық жобасын қаржыландыру үшін шығарылған облигациялардың номиналды құнының өсуі есебінен 17 326 млн теңгеге қаржыландыруға кеткен шығыстардың өсуімен;
- тауарлар, жұмыстар және қызметтерге арналған бағаның өсуі салдарынан 1 544 млн теңгеге өндірістің өзіндік құнының өсуімен;
- «Самұрық-Энерго» АҚ Директорлар кеңесінің жобаны жүзеге асырылатындар тізімінен шығару туралы шешімі негізінде «Газ-турбинді технологиялар базасына жаңа энергия көздерін орната отырып 1-ЖЭО кеңейту» аяқталмаған құрылыс объектісін есептен шығару салдарынан 1 117 млн теңге сомасындағы өзге де шығыстар көлемінің өсуімен.

Көрсеткіштер, млн. теңге	2013	2014	2015	2015 қат.	2016	2017	2018
	факт	факт	факт	2014, %	болжам	болжам	болжам
Шығыстар	43 330	47 592	66 848	140	57 347	59 796	60 766
Өндірістің өзіндік құны	40 400	44 054	45 597	104	50 360	55 718	56 988
Жалпы және әкімшілік шығыстар	1 897	1 896	1 879	99	1 743	1 843	1 930
Өзге де операциялық шығыстар	161	906	1 309	144	0	0	0
Қаржы шығыстары	872	737	18 063	2452	5 244	2 235	1 849

2015 жылда қаржыландыруға кеткен шығыстардың айтарлықтай көбеюі салдарынан шығыстар құрылымында өндірістің өзіндік құнының үлесі 25%-ға төмендеді, бұл дегеніміз 2013–2014 жылдардағы 93%-дан 68%-ға түскендігін көрсетеді.


Алдағы уақытқа арналған болжам:

«АлЭС» АҚ қаржыландыруға шығатын шығыстардың үлесін төмендету есебінен 2017 жылға өндірістің өзіндік құнының үлесін бұрынғы көрсеткіштерге дейін көбейтуді жоспарлап отыр.

2015 жыл қорытындысы бойынша өндірістің өзіндік құны 45 597 млн теңгені құрады. Шығыстардың 2014 жылмен салыстырғанда 3%-ға өсуі келесі жағдайларға негізделді:

- «KEGOC» электр желілерін басқаратын Қазақстандық компания» АҚ-ның электр энергияны электр желілері арқылы жеткізу жөніндегі реттелетін қызметтеріне арналған, электр энергиясын желіге беруді және тұтынуды техникалық диспетчерлендіру жөніндегі қызметтер көрсетуге арналған, төтенше реттелетін шаралар ретінде электр энергиясын өндірудің-тұтынудың теңгерілімін ұйымдастыру жөніндегі қызметтерге арналған тарифтердің өсуімен, нәтижесінде шығыстар көлемі 791 млн. теңгеге көбейді;
- «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» ҚР Заңының 7-1 бабына сәйкес жаңартылатын энергия көздерін пайдаланушы энергия өндіретін ұйымдармен шығарылған электр энергияны тұтынумен, нәтижесінде шығыстар көлемі 309 млн теңгеге көбейді;
- 2015 жылы 13,6%-ды құраған құнсыздану деңгейінің өсуімен негізделетін тауарлар, жұмыстар және қызметтерге арналған бағаның өсуімен.

Шығыстар құрылымы



Өндірістің өзіндік құнының құрылымы


Көрсеткіштер, млн теңге	2013	2014	2015	2015 қат. 2014, %	2016	2017	2018
	Факт	Факт	Факт		болжам	болжам	болжам
Өндірістің өзіндік құны	40 400	44 219	45 597	103	50 360	55 718	56 988
Шикізаттар мен материалдар	3 443	3 424	3 435	100	4 027	4 865	4 892
Отын	16 965	18 329	18 003	98	20 538	23 954	24 536
Жөндеу	2 917	2 230	2 391	107	2 511	2 760	2 624
Электр энергияны тасымалдау, жеткізу жөніндегі қызметтер	2 243	2 417	3 497	145	3 358	3 250	3 266
Негізгі құралдар мен МЕА амортизациялау	5 071	6 056	5 976	99	6 489	6 626	6 557
Бюджетке салынатын салықтар мен өзге де міндетті төлемдер	1 744	2 349	2 303	98	2 579	2 766	2 898
Өзге ұйымдар қызметтері	1 654	1 785	1 685	94	2 071	2 124	2 272
Еңбекке ақы төлеу шығыстары	5 962	6 884	7 459	108	7 953	8 510	9 024
Басқалары	401	746	848	114	833	863	920

Өндірістің өзіндік құны құрылымындағы отынның үлесі шамамен 39–42%-ды құрайды. 2015 жылы отынның үлесі электр энергияны тасымалдау және жеткізу жөніндегі қызметтерге арналған шығыстар үлесінің көбеюі есебінен 2014 және 2013 жылдармен салыстырғанда 39%-ға дейін төмендеді. Абсолютті шамада отынға кеткен шығыстар жылу энергиясын өткізу көлемдерінің азаюы салдарынан төмендеді.

Алдағы уақытқа арналған болжам:

«АлЭС» АҚ өзіндік құн құрылымында айтарлықтай өзгерістер болмайтындығын болжайды. Өндіріске шығатын шығыстардың өсуі 6–7% деңгейінде болжамдалған инфляциялық үдерістермен негізделеді.

Өндірістің өзіндік құнының құрылымы



- Шикізаттар мен материалдар
- Отын
- Жөндеу
- Электр энергияны тасымалдау, жеткізу жөніндегі қызметтер
- Негізгі құралдар мен MEA амортизациялау
- Бюджетке салынатын салықтар мен өзге де міндетті төлемдер
- Өзге ұйымдар қызметтері
- Еңбекке ақы төлеу шығыстары
- Басқалары

Жалпы және әкімшілік шығыстар құрылымы

Көрсеткіштер	2013	2014	2015	2015 қат. 2014, %	2016	2017	2018
	факт	факт	факт		болжам	болжам	болжам
Жалпы және әкімшілік шығыстар	1 897	1 896	1 879	99	1 743	1 843	1 930
Еңбекке ақы төлеу шығыстары	715	755	776	103	851	910	965
Негізгі құралдар мен MEA амортизациялау	121	123	140	114	141	133	125
Көлік шығыстары	44	53	30	56	37	45	49
Іссапар шығыстары	17	14	10	73	17	18	19
Байланыс қызметтері	38	40	46	113	51	56	59
Ғимараттар мен коммуналдық қызметтерді ұстау шығыстары	49	58	60	104	69	69	73
Дайындау және біліктілікті жоғарту	16	22	11	52	12	13	14
Бюджетке салынатын салықтар мен өзге де міндетті төлемдер	126	105	147	140	119	128	135
Кеңес беретін, аудиторлық және заң қызметтері	62	60	51	84	75	72	77
Объектілерді қорғау	24	24	16	67	18	20	21
Банк қызметтері	21	17	20	114	23	24	26
Басқалары	662	624	572	92	330	355	368

2015 жылдағы жалпы және әкімшілік шығыстар 2014 жылдағы көрсеткіштерден 17 млн теңгеге төмен болып келетін 1 879 млн теңгені құрайды. Жалпы және әкімшілік шығыстардың төмендеуінің себебі қорларды құру, қолдаушы және қайырымдылық көмектері сияқты өзге де шығыстардың төмендеуінен болып отыр.

Алдағы уақытқа арналған болжам:

«АлЭС» АҚ жалпы және әкімшілік шығыстарда айтарлықтай өзгерістер болмайтындығын болжайды. Өндіріске шығатын шығыстардың өсуі 6-7% деңгейінде болжамдалған инфляциялық үдерістермен негізделеді.

«АлЭС» Басшылығы және Қоғамның Директорлар кеңесі экономикалық тиімділікті жоғарлатуға барлық күштерін салуда. Шығындарды оңтайландыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Корпоративтік табыс салығы

Көрсеткіштер, млн теңге	2013	2014	2015	2015 қат. 2014,%
	факт	факт	факт	
Шығыстар (-) / Табыс салығы бойынша үнемдеу	1 505	1 433	-2 397	-167

Қаржылық есептіліктің (IAS) 12 «Пайдаға салынатын салық» Халықаралық стандартына сәйкес қаржылық есептілікте бухгалтерлік есеп пен салық есептері арасында туындайтын уақытша айырмашылығы нәтижесі сияқты кейінге қалдырылған салық міндеттемелері мен активтер көрсетіледі.

2015 жылда табыс салығы бойынша үнемдеу, индекстелген облигациялық қарыз бойынша көрсетілген бағамдық айырмашылық есебінен алынған салық есебіндегі залал нәтижесінде кейінге қалдырылған салық активін есептеуге байланысты 2397 млн теңге көлемін құрады.



2.4. ҚЫЗМЕТ ТИІМДІЛІГІНІҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Көрсеткіштер	2013	2014	2015	2015 қат. 2014, %	2016	2017	2018
	факт	факт	факт		болжам	болжам	болжам
(Бір жылдағы пайда / залал (-), млн теңге	5 547	3 123	-11 015	-353	-4 106	679	17
ЕБИТДА, млн теңге	11 589	12 139	11 815	97	7 767	9 842	8 552
ЕБИТДА margin, %	23	23	22	96	15	16	14
Қызметтің пайдалылығы, %	13	7	-16	-252	-7	1	0

Еліміздің инфляциялық таргеттеу режиміне негізделген және ұлттық валютаның еркін өзгермелі айырбас бағамын қарастыратын жаңа ақша-несие саясатына ауысуы сияқты сыртқы факторлардың өзгеруі қызмет тиімділігінің көрсеткіштеріне айтарлықтай әсерін тигізді.

«Алматы 2-ЖЭО қайта құру және кеңейту. III-кезек. №8 қазан агрегаты» инвестициялық жобасын қаржыландыруға жұмылдырылған облигациялық қарызды индекстеу нәтижесінде 2014-2015 жылдары қаржыландыруға шыққан шығыстардың өсуі 11 015 млн теңге көлеміндегі залалдың туындауына алып келді.

ЕБИТДА және ЕБИТДАmargin көрсеткіштерінің төмендеуі өндірістің өзіндік құнының өсу қарқынының, табыстардың өсу қарқынының озуына байланысты.

Шығыстарға жұмсалатын пайда қатынасы сияқты анықталатын қызметтің пайдалылығының төмендеуі 11 015 млн теңге көлеміндегі залалға байланысты.

Алдағы уақытқа арналған болжам:

«АлЭС» АҚ ЕБИТДА және ЕБИТДАmargin көрсеткіштерінің төмендеуін өндірістің өзіндік құнының өсу қарқындарының, табыстардың өсу қарқынының озуына байланысты болып келген 2015 жыл көрсеткіштерімен салыстыра болжайды. «АлЭС» АҚ жылу энергиясы мен химиялық тазартылған суды жүзеге асыру көлемдерін көбейту есебінен, сондай-ақ аталған қызметтер бойынша тарифтердің өсуі және қаржыландыруға жұмсайтын шығыстарды төмендету есебінен 2016–2018 жылдары қаржылық нәтиженің өсуін болжайды.

2.5. ӨТЕМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Көрсеткіштер	2013	2014	2015	2016	2017	2018
	Факт	Факт	Факт	Болжам	Болжам	Болжам
Қарыз/ЕБИТДА	1,55	1,90	3,91	4,92	3,23	2,93
Пайыздардың өтелуі	13,29	14,76	0,26	1,48	4,40	4,63
Қаржылық левиредж коэффициенті	0,32	0,40	1,00	0,91	0,74	0,58
Ағымдағы өтемпаздық	1,15	0,75	0,66	0,52	0,44	0,39

2015 жылы «Берешек/ЕБИТДА» көрсеткіші 3,91 құрады. Өткен жылғы сәйкес мерзіммен салыстырғанда бұл көрсеткіштің ұлғаюы (1,9) инвестициялық жобаны қаржыландыру үшін облигацияларды шығару есебінен 2014 жылы жұмылдырылған қарыз қаражаттың индексациялануымен байланысты.

2015 жылдың қорытындысы бойынша «Пайыздардың өтелуі» көрсеткіші 0,26 құрады. 2014 жылғы (14,76) көрсеткішпен көрсеткіштің төмендеуі қаржыландыру шығындарының артуымен байланысты.

«Қаржылық левиредж» көрсеткіші 2015 жылы 1,00 құрады. Оның өткен жылғы сәйкес мерзімдегі көрсеткішпен салыстырғанда артуы АҚШ доллары бағамының өсуі нәтижесінде облигациялардың номиналды құнының артуы себепті қарыз көлемінің ұлғаюымен байланысты.

«Ағымдағы өтеппаздық» көрсеткіші 0,66 құрады және өткен жылғысәйкес мерзімдегі көрсеткішпен салыстырғанда жыл барысында өтелуі керек инвестициялық қарыздар бөлігінің қысқа мерзімді міндеттемелерде қамтылуы компанияның ағымдағы міндеттемелерінің артқандығын аңғартады.


Алдағы уақытқа арналған болжам:

«АлЭС» АҚ қарызды қайта құрылымдау есебінен, қызметтерді өткізу көлемі мен тарифтерді арттыру есебінен, сонымен қатар шығыстарды оңтайландыру есебінен өтеппаздық және қаржылық тұрақтылық көрсеткіштерін жақсартуды болжайды.

2.6. МЕНШІКТІ ЖӘНЕ ҚАРЫЗ КАПИТАЛЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

2015 жылы меншікті және қарыз капитал құрылымында қазақстан теңгесіне қатысты АҚШ доллары бағамының артуымен байланысты Қоғамның индекстелген облигациялары бойынша міндеттемелер үлесі арта түсті.

Көрсеткіштер, млн теңге	2013	2014	2015
Акционерлік капитал	30 212	30 212	30 212
Басқа капитал	-156	-185	-165
Бөлінбеген пайда	25 381	27 672	16 189
Ұзақмерзімді міндеттемелер	12 634	17 028	34 848
соның ішінде қарыздар	8 277	11 645	31 863
Қысқа мерзімді міндеттемелер	12 167	20 812	21 615
соның ішінде қарыздар	6 248	11 159	14 335
Барлығы	80 238	95 539	102 699



2.7. АКЦИОНЕРЛІК КАПИТАЛ ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР

Акционерлік капитал – 30 212 475 000 теңге, «АлЭС» АҚ жарияланған және орналастырылған акцияларының саны – 2 933 250, акция түрлері– қарапайым, бір акцияның номиналды құны – 10 300 теңге, еркін айналымда жүретін акциялар жоқ.

«АлЭС» АҚ Жалғыз акционері – «Самұрық -Энерго» АҚ.

Акциялардың алғашқы орналастырылуы, листингілік компаниялардың меншікті акцияларын сатып алуы бойынша мәмілелер және 2015 жылы оларды қайта сату жүргізілген жоқ.

Эмитенттің қарапайым акциялары бойынша 2015 жылы төленген дивидендтер

Дивидендтер есеп-телуі кезеңі	Төленген дивидендтер сомасы, теңге	Негіздеме
2014 ж.	468 492 000	«Самұрық-Энерго» АҚ Басқармасы отырысының 28.04.2015 ж. № 4 хаттамасы

АКЦИОНЕРЛІК
КАПИТАЛ –
30 212 475 000
ТЕҢГЕ

2.8. АКТИВТЕР ҚҰРЫЛЫМЫ

Активтер құрылымында 2012–2015 жылдардағы ұзақмерзімді активтер үлесінің артуы инвестициялық бағдарламаны жүзеге асырумен байланысты.

Көрсеткіштер, млн теңге	31.12.2013	31.12.2014	31.12.2015
Ұзақмерзімді активтер	66 281	79 982	88 332
Қысқа мерзімді активтер	13 957	15 559	14 367
Жиынтығы	80 239	95 541	102 699



2.9. 2016 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН НЕГІЗГІ МАҚСАТТАР МЕН МІНДЕТТЕР

2016–2020 жылдарға арналған Даму жоспарына сәйкес 2016 жылға арналған негізгі міндеттер:

- Электр және жылу энергиясын өндіру жоспарын орындау.
- Алматы қ. және Алматы аймағын электр және жылу энергиясымен үздіксіз қамтамасыз ету.
- 2016–2017 жж. жылу беру мерзімінде күзгі – қысқы жүктемені атқаруға жөндеу кампаниясын өткізу және станцияларды дайындау.
- Инвестициялық бағдарламаны жүзеге асыру.
- Шығындарды оңтайландыру жөніндегі бағдарламаларды іске асыру.

2.10. ҚОҒАМНЫҢ 2015 ЖЫЛҒЫ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Инвестициялық қызмет энергиямен үздіксіз қамтамасыз ету және экологиялық ортаға зиянды әсерді төмендету үшін өндірістік қуаттарды жаңартуға, қайта құруға және құрылысын жүргізуге бағытталады.

Осы аталған міндеттерді жүзеге асыру мақсатында 2015 жылы келесі стратегиялық жобалар жүзеге асырылды:

- Алматы қ. және Алматы облысының тұтынушыларын жылу және электр энергиясымен сенімді және үздіксіз қамтамасыз ету үшін 2-ЖЭО құрамдастырылған күл – қож жою жүйесі қайта құрылды (4-технологиялық кезең);
- станцияның үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету үшін 3-ЖЭО күл үю орнын қайта құрылды және кеңейтілді;
- Алматы қ. және Алматы облысы тұрғындарын жылу және электр энергиясымен сенімді және үздіксіз қамтамасыз ету үшін жабдықтар күрделі жөндеуден өтті, сонымен қатар бірқатар басқа шаралар атқарылды;
- Сондай ақ, аумағында жылу беру жүктемесі тығыз әрі жоғары болатын ірі перспективті аймақ 2017 жылы Универсиада және әлеуметтік тұрғын үй объектілері орналасатын Алатау ауданын жылумен қамтамасыз ететін құрылысы 2016 ж. II тоқсанында аяқталатын 2-ЖЭО №8-қазан агрегатының құрылыс жұмыстары жалғасады.



3.

ТӘУЕКЕЛДІҢ


НЕГІЗГІ

ФАКТОРЛАРЫ

ЖӘНЕ

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ

БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ






Қоғамның тәуекелдерді басқару үдерісінің маңыздылығын, Қоғамның қаржылық тұрақтылығы мен беделіне кері әсерін тигізуі мүмкін, уақытымен сәйкестендіруге, әлеуметтік тәуекелдерді басқаруға бағытталған корпоративтік басқару жүйесінің негізгі компоненті ретінде қабылдайды.

Қоғамн тәуекелдерін басқарудың мақсаты - бизнестің стратегиялық және оперативті тұрақтылығын ақылға сиымды сеніммен қамтамасыз ету болып табылады.

Қоғамда тәуекелдерді басқару, бекітілген стратегия мен даму жоспарындағы Қоғам алдына қойылған белгілі бір мақсаттар мен тапсырмалардың аясында жүзеге асырылады. Директорлар кеңесі Қоғамдағы тәуекелдерді басқару жүйесінің жұмысына қадағалауды жүзеге асыруда маңызды рөл атқарады.

Қоғамда тәуекелдерді басқару үдерісінің барлық қатысушыларын шешуші тәуекелдерді сипаттай және талдай отырып, қазіргі уақыттағы тәуекелдер, сондай-ақ тәуекелдерді басқару жөніндегі құрылымдық бөлім басшысының есептері арқылы оларды азайту бойынша қабылданған іс-шаралар жайлы әрдайым хабарлап отыру қамтамасыз етіледі.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ



Қоғам тәуекелдерді басқару саясатына сәйкес тәуекелдерді стратегиялық, операциялық және қаржы деп бөледі.



БИЗНЕС-СТРАТЕГИЯНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУҒА ӘСЕРІН ТИГІЗЕТІН НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛДЕР

Елеулі тәуекелдер	Тәуекел факторлары (тәуекелдің туындау себебі)	Тәуекелдерді басқару жөніндегі шаралар
СТРАТЕГИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР (ҚОҒАМ СТРАТЕГИЯСЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ТӘУЕКЕЛДЕР)		
1	Электр энергияны өндіру көлемінің азаюы	<ol style="list-style-type: none"> 1. Отын қорларының және (немесе) жеткізілімінің азаюы. 2. Гидроресурстар қорларының азаюы. 3. Апаттар. 4. Жабдықты сапасыз жөндеу.
		<ol style="list-style-type: none"> 1. Өндіріс көлемдерін дұрыс жоспарлау. 2. Электр энергияны өндіру жөніндегі жоспарлардың орындалуы. 3. Электр энергияны өндіру жөніндегі жоспарлардың орындалмауына әсерін тигізетін факторларды уақытымен талдау. 4. Жөндеулерді белгіленген мерзімде жүргізу. 5. Жабдықты жаңарту және қайта құру.
2	Жылу энергияны өндіру көлемінің азаюы	<ol style="list-style-type: none"> 1. Отын қорларының және (немесе) жеткізілімінің азаюы. 2. Апаттар. 3. Жабдықты сапасыз жөндеу. 4. Қолайсыз табиғат жағдайлары.
		<ol style="list-style-type: none"> 1. Өндіріс көлемдерін дұрыс жоспарлау. 2. Жылу энергияны өндіру жөніндегі жоспарлардың орындалуы. 3. Жылу энергияны өндіру жөніндегі жоспарлардың орындалмауына әсерін тигізетін факторларды уақытымен талдау. 4. Жөндеулерді белгіленген мерзімде жүргізу. 5. Жабдықты жаңарту және қайта құру.
ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІ (ҚАРЖЫ ҚЫЗМЕТІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ТӘУЕКЕЛДЕР)		
3	Операциялық, инвестициялық, қаржы қызметін жүзеге асыру үшін өтемпаздықтың жеткіліксіздігі	<ol style="list-style-type: none"> 1. Электр және жылу энергияларын өткізуден келетін түсімнің төмендеуі. 2. Тұтынушылардың электр және жылу энергияларына уақытымен төлем жүргібеуі. 3. Маусымдылық.
		<ol style="list-style-type: none"> 1. Өндірістің маусымдылығын ескере отырып, ақша қаражатының қозғалысын жоспарлау кезінде қателіктерді азайту. 2. Дебиторларға берілген шоттардың төлеу мерзімін уақытымен бақылау, сондай-ақ несиелік қарызды уақытымен өтеу.
4	Валюталық тәуекел	<ol style="list-style-type: none"> 1. Макроэкономикалық көрсеткіштердің өзгеруі. 2. Халықаралық валюталық нарықтағы алып-сатарлық. 3. Ұлттық банктің басқыншылығы.
		Қаржыландырудың әлдеқайда қолайлы көздерін іздеу. Қарыздарды арзандату мақсатында бар қарыздардың құрылымын қайта құру және/немесе қайта қаржыландыру.
5	Реттелетін қызметтерге арналған тарифтер деңгейін жоғарлату мүмкіндігінің жоқтығы	<ol style="list-style-type: none"> 1. Өкілетті органға тапсырылатын материалдардың табиғи монополия саласындағы заңнамаға сәйкес келмеуі. 2. Тарифтердің мемлекетпен тежелуі.
		<ol style="list-style-type: none"> 1. Қоғамның табиғи монополиялар саласындағы қызметіне НҚА-ға сәйкес бақылау мен мониторинг жүргізуді күшейтеу. 2. Сараланған қаржы саясатын және тариф құрылымы саясатын жүзеге асыру.
6	Сатып алатын жабдықта, шикізатқа, отынға, қызметке және материалдарға арналған бағаның өсуі.	<ol style="list-style-type: none"> 1. Жабдықтар мен материалдар өндірісінің өзіндік құнының өсуі. 2. Сатып алатын жабдық, шикізат, материалдардың нарықтағы бағасы жайлы күмәнді және сапасыз ақпараттар көзін пайдалану. 3. Маркетингті зерттеулердің кемшіліктері. 4. Инфляция. 5. Сатушының үстем жағдайы. 6. Тарифтер өсімін мемлекетпен тежеу.
		<ol style="list-style-type: none"> 1. Ұтымды бағаны таңдау үшін тауарларды, шикізаттар мен материалдарды жеткізу жөніндегі нарыққа мониторинг жүргізу. 2. Монополистердің тариф құрылымы саласындағы ҚР құзыретті органдары қызметтерінің нарығына және саясатына мониторинг жүргізу. 3. Стратегиялық тауарлардың құны өскен жағдайда, төтенше реттелетін шаралар сапасында реттелетін қызметтер жөніндегі тарифке өтінім беру. 4. Қолдағы факторларды ескере отырып, өкілетті органға тарифтерді өзгертуге арналған өтінім беру.

Елеулі тәуекелдер	Тәуекел факторлары (тәуекелдің туындау себебі)	Тәуекелдерді басқару жөніндегі шаралар
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР		
7 Экологиялық тәуекел	1. Жабдықтың тозуы 2. Жобасыз отынды пайдалану 3. Электр және жылу энергияларын өндіру көлемінің өсуі 4. Заңнама талаптарының қатаңдануы	1. Күрделі құрылысты уақытымен жүргізу 2. Кіріс бақылауының өлшемдеріне сәйкес сапалы отын шикізатын сатып алу 3. Табиғатты қорғау шараларын жүргізу 4. Табиғатты қорғау шаралардың орындалуын мониторингілеу 5. Жобалау құжаттамасын әзірлеуге арналған шарттарды уақытымен жасау 6. Жобалау құжаттамасын уақытымен әзірлеу және келісімдеу

Апаттық тәуекелдер санатына – жылу энергиясын өндіру жөніндегі, магистральды құбыржолдары арқылы суды беру жөніндегі қызметтерге 2015–2019 жж. арналған тарифтердің деңгейін көтеруге, тарифтердің шекті деңгейін бекітуге арналған өтінімнің қайтарылуына байланысты реттелетін қызметтерге арналған тарифтер деңгейін көтеру мүмкіндігінің болмауына байланысты тәуекел, сондай-ақ портфельде 2–1.2 шығарылымдағы индекстелген облигациялардың бар болуына байланысты валюталық тәуекел және өтемпаздықтың жеткіліксіздік тәуекелі (АҚШ доллары бағамының өсуіне байланысты) кіреді.

2015 жылдың желтоқсан айында Қоғамның директорлар кеңесімен келесі жылға арналған тәуекелдер тізілімі, тәуекелдер картасы, негізгі тәуекелдерді басқару жөніндегі шаралар жоспары, негізгі тәуекел-көрсеткіштер мен тәуекел-аппетит бекітілді.

Тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша Жалғыз акционердің тұжырымдамасы мен саясатын жүзеге асыра отырып, Қоғамда тәуекелдерді басқару саласында нормативтік құжаттар қайта қарастырылған және өзектендірілген.




4.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ



4.1	Корпоративтік басқару құрылымы	51
4.2	«АлЭС» АҚ Директорлар кеңесі. Директорлар кеңесінің қызметі туралы есеп	54
4.3	«АлЭС» Басқармасы. Басқарма қызметі туралы есеп	60
4.4	Ішкі аудит қызметі	66
4.5	Корпоративтік басқару кодексін сақтау туралы мағлұмат	66






Қоғам корпоративтік басқару жүйесін Қоғамның жалғыз акционері мүддесінің өкілдігін сақтау, барлық мүдделі тұлғалармен әрекеттесудің теңгерімді жүйесін құру және өз қызметінің тиімділігін арттыру құралы ретінде қарастырады.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қоғамды басқару құрылымы келесі басқару органдарынан тұрады:

- Қоғамның жоғарғы органы – Жалғыз акционер;
- басқару органы – Қоғамның стратегиясын әзірлеуге, оның қызметіне жалпы басшылық жасауға және Қоғам Басқармасы қызметін бақылауға жауапты Директорлар кеңесі;
- алқалы атқарушы орган – Қоғамның ағымдағы қызметін басқаратын және Директорлар кеңесі мен Қоғамның жалғыз акционерімен анықталған стратегияны жүзеге асыратын Басқарма.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ 1150-500-220-110 КВ БЭО ЭЛЕКТР ЖЕЙЛЕРІНІҢ КАРТА-СҰЛБАСЫ





4.2. «АЛЭС» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ

Қазақстан Республикасының заңнамалары және Қоғам Жарғысына сәйкес Қоғамның жалғыз акционерінің ерекше құзіретіне жататын мәселелерді есепке алмағанда, Директорлар кеңесі Қоғам қызметіне жалпы басшылық жасайтын Қоғамның басқарушы органы болып табылады. Директорлар кеңесінің шешімдері Қоғамның Жарғысында, Қоғамды корпоративтік басқару кодексінде, осы Ережеде және Қоғамның өзге де ішкі құжаттарымен анықталатын тәртіпке сәйкес қабылданады.

Директорлар кеңесі Қоғам қызметіне жалпы басшылық жасағаны үшін жалғыз акционер алдында жауапты.

Директорлар кеңесі «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР заңы және (немесе) Қоғам Жарғысымен жалғыз акционердің және атқарушы органның ерекше құзіретіне жатқызылған мәселелер шешімін есептемегенде, Қоғам қызметіне жалпы басшылық жасайды.

Қоғамның Директорлар кеңесі бес мүшеден тұрады. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері Қоғамның жалғыз акционерінің шешімімен сайланады.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ

ТҮЙТЕБАЕВ СЕРІК СҮЙІНБЕКҰЛЫ

1958 жылы 27 мамырда дүниеге келді.

1981 жылы Алматы Энергетика институтын бітірген, инженер – жылу энергетигі, **2000 жылы** Алматы энергетика және байланыс институтын бітірген, инженер-экономист.

Жұмыс тәжірибесі

Еңбек жолын 1984 ж. «Алматы Пауэр Консолидейтед» АҚ 2-ЖЭО, 2-АТЭЦ турбина цехы турбина жабдығының машинист-қараушысы қызметінен бастады, кейіннен турбина цехы турбина бөлімінің аға машинисі болып жұмыс істеді.

1987 ж. – турбина цехының ауысым бастығы лауазымына ауыстырылды («АПК» 2-ЖЭО, 2-АЖЭО).

1988–1995 жж. – «Алматы Пауэр Консолидейтед» АҚ 2-ЖЭО турбина цехы бастығының орынбасары, кейіннен турбина цехының бастығы («АПК» АҚ 2-ЖЭО, 2-АЖЭО).

1995–1998 жж. – «Алматы Пауэр Консолидейтед» АҚ 2-ЖЭО бас инженері («АПК» АҚ 2-ЖЭО, 2-АЖЭО).

1998–2007 жж. – «Алматы Пауэр Консолидейтед» АҚ 2-ЖЭО Басқарушы директоры («АПК» АҚ 2-ЖЭО, 2-АЖЭО).

2007–2010 жж. – «АлЭС» АҚ 2-ЖЭО Басқарушы директоры.

2010 ж. наурыз – 2011 ж. мамыр – «АлЭС» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары.

2011 ж. маусым – 2013 ж. мамыр – «Алматы қ. Энергетика және коммуналды шаруашылық басқармасы» ММ бастығы;

2013 ж. маусым – 2013 ж. желтоқсан – «СЕВКАЗЭНЕРГО» АҚ Басқарма Төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары;

2014 ж. қаңтардан бастап қазіргі уақытта – «Самұрық-Энерго» АҚ «Генерация» дивизионының басқарушысы.

«АлЭС» АҚ акциялары және қатысу үлесі жоқ.



ИСЕНОВ БАҒЛАН КӘКІМЖАНҰЛЫ

1975 жылы 26 наурызда дүниеге келді.

Білімі жоғары- Алматы энергетика және байланыс институты (АЭЖБИ), Электр энергетика факультеті, мамандығы – «Электр жүйелері және желілері».

Д.А. Қонаев атындағы Гуманитарлық университеті, заң факультеті, мамандығы – «заңгер».

Жұмыс тәжірибесі

1998 ж. Жамбыл РЭС-і АРЭК Тарату желілерінің электр монтері болып, 1999ж. Жамбыл РЭС-і АРЭК Өндірістік-техникалық топ инженері (ӨТТ) қызметіне ауыстырылды;

2001–2002 жж. – Алматы облысы Жамбыл аудандық прокуратурасы прокурорының көмекшісі;

2002–2003 жж. Қарасай РЭС учаске шебері, «KEGOC» АҚ Бас филиалы, Қазақстан БЭЖ Орталық диспетчерлік басқармасы, қазіргі «KEGOC» АҚ филиалы, жүйелік оператордың ұлттық диспетчерлік орталығы (ЖО ҰДО);

2003–2010 жж. – жетекші маман, баланс жөніндегі диспетчер, кезекші диспетчер, диспетчерлік қызметтің аға диспетчері, диспетчерлік қызмет бастығының орынбасары, Қарасай РЭС диспетчерлік қызметтің бастығы.

2010–2012 жж. – ЖО ҰДО бас диспетчерінің орынбасары.

2012 ж. – 2014 ж. қазан – «Самұрық-Энерго» АҚ ЕТҰ жұмыс жөніндегі басқарма бастығы.

2014 ж. қазан – 2015 ж. ақпан «Самұрық-Энерго» АҚ Өндіріс жөніндегі басқарушы директор.

2015 ж. ақпанан бастап – қазіргі уақытта «Самұрық-Энерго» АҚ Қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бас директор.

«АлЭС» АҚ акциялары және қатысу үлесі жоқ.



МҰХАМЕД-РАХИМОВ НҰРЛАН ТАУФИҚҰЛЫ

1958 жылы 26 наурызда дүниеге келді.

Білімі жоғары, Алматы Энергетика институтын бітірген.

Мамандығы – инженер-электрик.

Жұмыс тәжірибесі

Еңбек жолын 1980 жылы бастады.

1980–1985 жж. – электр цехының аға кезекші электр монтері, электр цехының ауысым бастығы, Алматы 2-ЖЭО пайдалану жөніндегі электр цехы бастығының орынбасары.

1985–1993 жж. – «Алматыэнерго» ЭШАБ Электр техникалық жабдығын пайдалану және жөндеу қызметінің орынбасары, кейіннен бастығы.

1993 ж. жылдан бастап «АПК» 2-ЖЭО электр цехының бастығы лауазымына ауыстырылды.

1998–2005 жж. – «АПК» 2-ЖЭО Бас инженері;

2005–2007 жж. – «АПК» АҚ Бас инженерінің орынбасары;

2007–2012 жж. – «Алматы электр станциялары» АҚ Бас инженері;

2012 ж. сәуірінен бастап қазіргі уақытта – «Алматы электр станциялары» АҚ Басқарма Төрағасы;

«АлЭС» АҚ акциялары және қатысу үлесі жоқ.



КИБАРИН АНДРЕЙ АНАТОЛЬЕВИЧ

Директорлар кеңесінің мүшесі (тәуелсіз директор).

1961 жылы 7 ақпанда дүниеге келді.

1983 жылы Алматы Энергетика институтын бітірген, жылу энергетикасы инженері.

1992 жылы – Мәскеу қ. Бауман ат. ММТУ бітірген, Э-3 кафедрасы, мамандығы бойынша техника ғылымдарының кандидаты.

Жұмыс тәжірибесі


Еңбек жолын 1983 ж. Алматы қ. ВНИПИЭнергопром инженері, кейіннен жетекші инженері болып бастады.

1987–1990 жж. – Мәскеу қ. Бауман атындағы ММТУ (Газ турбиналық қондырғылар Э-3 кафедрасының ғылыми қызметкері), аспиранты.

1990–1998 жж. – Алматы энергетика және байланыс институтының әуелі ассистенті, кейіннен аға оқытушысы, жылу энергетикалық қондырғылары кафедрасының доценті.

1998 ж. бастап қазіргі уақытта - Алматы энергетика және байланыс институтының (АЭБИ) Жылу энергетикалық қондырғылары каф. меңгерушісі.

«АлЭС» АҚ акциялары және қатысу үлесі жоқ.



ШАЙМАРДАН САНЖАР ЕРБОЛУҒЫ

Директорлар кеңесінің мүшесі (тәуелсіз директор).

1978 жылы 24 мамырда дүниеге келді.

1997 жылы Ұлыбритания, Кембридж университетінің халықаралық бакалавриатын «экономика және әлем тарихы» мамандығы бойынша бітірді.

2000 ж. АҚШ, Вашингтон қ. Джорджтаун университеті Дипломатиялық мектебін бітірді.

2002 ж. Қазақ гуманитарлық – заң университетін «заңгер» мамандығы бойынша бітірді.

2003 ж. АҚШ Дюрам қ. Дюк университеті Құқық мектебінің магистратурасын бітірді.

2006 ж. М. Әуезов атындағы университетін «экономика» мамандығы бойынша бітірді.

Жұмыс тәжірибесі

Еңбек жолын 1998 жылы АҚШ-тағы Қазақстан Республикасының елшілігінде қызмет атқарудан бастады.

2000 ж. қазан – 2003 ж. қыркүйек – ҚР Президенті әкімшілігі Қауіпсіздік кеңесі және жүйелік зерттеулер орталығының сараптамашысы.

2003 ж. – 2005 ж. – АҚШ Ричмонд қаласы, МакГуайерВудс Америка заң фирмасының заңгері.

2004–2006 жж. – ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі маркетингтік-талдау зерттеу орталығының мемлекеттік саясатты талдау департаментінің аға кеңесшісі.

2006–2007 жж. – «Ренессанс Капитал» тобы президентінің кеңесшісі.


2007–2008 жж. – «Ренессанс- Қазақстан инвестицияларын басқару директорының орынбасары, вице - президенті, қаржы кеңесшісі.

2008–2009 жж. – «Ренессанс Капитал Қазақстан» аға вице-президенті, кейіннен директоры.

2010–2011 жж. – «Ренессанс Капитал Казахстан» кеңесшісі.

2011 жылғы қазан айында «Батыс транзит» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.

«АлЭС» АҚ акциялары және қатысу үлесі жоқ.



2015 ж. 31 желтоқсанға сәйкес Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамы

С.С. Түйтебаев	«Самұрық-Энерго» АҚ «Генерация» дивизионының басқарушысы, Директорлар кеңесінің төрағасы
Б.К. Исенов	«Самұрық-Энерго» АҚ ЕТҰ жұмыс жөніндегі басқарма бастығы
Н.Т. Мұхамед-Рахимов	«Алматы электр станциялары» АҚ Басқарма Төрағасы
А.А. Кибарин	Алматы энергетика және байланыс институты «Жылу энергетикалық қондырғылары» каф. меңгерушісі, тәуелсіз директор
С.Е. Шаймардан	«Батыс транзит» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖАҢА МҮШЕЛЕРІН ІРІКТЕУ ТАЛАПТАРЫ

Қоғамның Жарғысына және Директорлар кеңесі туралы ережесіне сәйкес Директорлар кеңесінің мүшелері жалғыз акционердің шешімімен сайланады. Директорлар кеңесінің мүшесі болып, Қоғамның акционері болып табылмайтын және Директорлар кеңесіне акционердің өкілі ретінде ұсынылмаған (ұсыныс жасалмаған) жеке тұлға сайлана алады. Осындай тұлғалардың саны Директорлар кеңесінің елу пайызынан аспауы тиіс.

Қоғамның Басқарма Төрағасынан басқа Басқарма мүшелері Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Қоғам Басқармасының Төрағасы Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

Қоғамның Директорлар кеңесінің сандық құрамы жалғыз акционердің шешімімен анықталады. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны 5 (бес) мүшеден кем бола алмайды. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің үштен бір бөлігінен кем болмайтын саны тәуелсіз директорлар болуы тиіс. Директорлар кеңесі мүшелігіне үміткерлердің және Директорлар кеңесі мүшелерінің тиісті жұмыс тәжірибесі, білімі, біліктілігі мен өз міндеттерін орындауға және жалғыз акционер мен Қоғам мүддесі үшін Директорлар кеңесінің тиімді жұмысын ұйымдастыруға қажетті іскерлік және (немесе) салалық ортада оңды жетістіктері болуы тиіс.

Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайлана алмайтын тұлға:

- 1) өтелмеген немесе ҚР заңнамасымен белгіленген тәртіп бойынша алынбаған соттылығы бар.
- 2) басшылық жасаған уақытта банкрот болып танылған немесе консервацияға, санацияға, мәжбүрлеп таратуға ұшыраған заңды тұлғаның басшы қызметкері болып табылған тұлға банкроттық консервация, санация, мәжбүрлеп тарату туралы шешім қабылданған күннен кейін 5 (бес жыл) бойы Директорлар кеңесінің мүшесі бола алмайды.

ДИРЕКТОРЛАР ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ БЕЛГІЛЕРІ

Корпоративтік басқарудың озық тәжірибесіне сәйкес, Қоғам мүддесін барынша көздейтін объективті шешімдерді қабылдау кепілдемесі болатын, акционерлер мен компания басшылығына тәуелсіз болатын директорлардың болуы шарт. «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес, тәуелсіз директорлардың саны Директорлар кеңесі мүшелері санының үштен бір бөлігінен кем болмайтын санды құрауы тиіс.

Тәуелсіздік белгілері Қазақстан Республикасының заңнамасымен, Қоғам Жарғысы мен Директорлар кеңесі туралы ережеде белгіленген, осыған сәйкес, Тәуелсіз директор болатын Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі:

1. Қоғамның Директорлар кеңесіне сайланғанға дейін бес жыл бұрын Қоғамның немесе Қоғамның аффилирленген тұлғасының қызметкері болмаған және болып табылмайтын;
2. Директорлар кеңесіне сайлануынан бес жыл бұрын Қоғам қызметкерлерімен жақын туыстық (ата-анасы, ағасы, әпкесі, ұлы, қызы), некеде, сондай-ақ қатынаста (жұбайының ағасы, әпкесі, ата-анасы, ұлы немесе қызы) тұрмаған;
3. Қоғам немесе оның аффилирленген тұлғаларымен қаржылан дырылатын коммерциялық емес ұйымның аффилирленген тұлғасы болмайтын;
4. Қоғамға және оның аффилирленген тұлғаларына ақылы негіздегі кез келген қызмет көрсетпейтін;

5. Қоғам қызметкері Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылатын заңды тұлғаның лауазымды тұлғасы емес;
6. Қоғамның аудитору болып табылмайтын және Қоғамның Директорлар кеңесіне сайлануы алдындағы бес жыл ішінде Қоғамда аудит өткізетін немесе өткізген ұйымның қызметкері не аффилиирлі тұлғасы болмаған, не аталған ұйымның аффилиирлі тұлғасының қызметкері болмаған;
7. Қоғаммен қабылданатын шешімді анықтауға мүмкіндігі бар тұлға болмайтын, Қоғаммен қабылданып шешімді анықтауға мүмкіндігі бар тұлғаның жақын туысы, мұрагері, өкілді тұлғасы болып табылмайтын;
8. Қоғам акционерінің аффилирленген тұлғасы емес;
9. Шет мемлекеттің заң шығаратын, атқарушы, әкімшілік немесе сот органдарының тағайындалған немесе сайланған лауазымды, сондай-ақ шет мемлекеті үшін көпшілікке танымал қызмет атқаратын тұлға болып табылмайтын;
10. 7 (жеті) жылдан артық уақыт бойы Қоғамның директорлар кеңесінің мүшесі болмаған;
11. Акционерлердің жалпы жиналысымен бекітілген өзге де талаптарға сай болуы.

2015 Ж. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МӘЖІЛІСТЕРІНІҢ САНЫ

2015 жылға арналған «АлЭС» АҚ Директорлар кеңесінің жұмыс жоспары Директорлар кеңесінің 31.12.2014 ж. шешімімен бекітілді, №11/14 хаттама.

Бекітілген Жоспарға сәйкес Қоғамның Директорлар кеңесімен 15 мәселе қарастырылады деп жоспарланған болатын. Жоспар бойынша орындалғаны – 100%.

2015 жылы Қоғамның Директорлар кеңесінің 13 мәжілісі, оның: 2 мәжілісі көзбе көз формада, 11 мәжіліс сырттай формада өткізілді. Мәжілістер аясында 36 мәселе қарастырылды.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНЕ ҚАТЫСУШЫЛЫҚ

Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің өткізілген мәжілістерге қатысуын пайыздық қатынаста қарастырсақ, онда Директорлар кеңесінің барлық мүшелерінің мәжіліске қатынасуы 100% құрады.

2015 ж. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІМЕН ҚАРАСТЫРЫЛҒАН НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕР

Есепті мерзімде Директорлар кеңесінің мәжілістерінде оның құзіретімен қарастырылатын төмендегі стратегиялық, сондай-ақ ағымдағы мәселелер қарастырылды:

1. «АлЭС» АҚ Корпоративтік басқару деңгейін бағалауды бекіту туралы.
2. «АлЭС» АҚ алғашқы облигациялық бағдарлама шегінде облигацияларды жекелеп сатып алу жөніндегі мәмілелерді жасау туралы.
3. Негізгі тәуекелдерді сипаттап және талдау жүргізе отырып, «АлЭС» АҚ 2014 жылдың 4 тоқсанында тәуекелдерді азайту жөніндегі бағдарламалар мен жоспарларды жүзеге асыруға қатысты мәліметтерді қоса отырып, тәуекелдерді басқару жөніндегі есебін бекіту.
4. «Алматы электр станциялары» АҚ 2015 жылғы Корпоративтік басқаруды жетілдіру және анықталған сәйкессіздіктерді жою жөніндегі шаралар жоспарын бекіту туралы.
5. «АлЭС» АҚ Директорлар кеңесінің 2014 ж. қызметі туралы есебін бекіту туралы.
6. «Алматы электр станциялары» АҚ жылдық қаржылық есебін алдын ала бекіту туралы.
7. «АлЭС» АҚ Қапшағай ГЭС стратегиялық объектінің иеліктен шығару туралы.
8. «АлЭС» АҚ орналастырылған акцияларын сатып алуға рұқсатын беру туралы мәселені Жалғыз акционердің қарауына шығару.
9. Жалғыз акционерге компанияның өткен қаржы жылындағы таза табысын үлестіру тәртібі және Қоғамның бір қарапайым акциясына тиісті дивиденд мөлшері туралы ұсыныс жасау туралы.
10. «АлЭС» АҚ орналастырылған акцияларын кері сатып алу жөнінде.
11. Негізгі тәуекелдерді сипаттап және талдау жүргізе отырып, «АлЭС» АҚ 2015 жылдың 1-тоқсанында тәуекелдерді азайту жөніндегі бағдарламалар мен жоспарларды жүзеге асыруға қатысты мәліметтерді қоса отырып, тәуекелдерді басқару жөніндегі есебін бекіту жөнінде.
12. «АлЭС» АҚ банк – контрагенттеріне теңгерімдік және теңгерімнен тыс міндеттемелер бойынша лимиттерді бекіту туралы.

13. «АлЭС» АҚ 2014ж. жылдық есебін алдын ала бекіту туралы.
14. Ірі мәміле ретінде «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС–мен электр энергиясын сатып алу – сату шартын жасау туралы.
15. Ірі мәміле ретінде «Богатырь –Көмір» ЖШС–мен маркасы КСН 0-300 байытылмаған «Тас көмір» тауарын сатып алу жөніндегі шартты жасау туралы.
16. Негізгі тәуекелдерді сипаттап және талдау жүргізе отырып, «АлЭС» АҚ 2015 жылдың 2-тоқсанында тәуекелдерді азайту жөніндегі бағдарламалар мен жоспарларды жүзеге асыруға қатысты мәліметтерді қоса отырып, тәуекелдерді басқару жөніндегі есбін бекіту жөнінде.
17. «Самрұқ- Қазына» АҚ міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету мақсатында «АТФ Банк» АҚ-мен ірі мәміле ретінде Кепілдік шартын жасау туралы.
18. Қ-8.5-ТБ-068 «АлЭС» АҚ өнертапқыштық жұмысы туралы» қағиданы бекіту туралы.
19. «АлЭС» АҚ ішкі бақылау жүйесі туралы» Қағиданы бекіту туралы.
20. «АлЭС» АҚ Ішкі бақылау регламентін бекіту туралы.
21. «АлЭС» АҚ Омбудсменін тағайындау туралы.
22. «АлЭС» АҚ Корпоративтік хатшысын тағайындау туралы.
23. «Қазақстан Халық банкі» АҚ жасалған несиелік желіні ұсыну туралы келісім бойынша міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету ретінде қолма – қол ақшасыз кепілдік шартын жасау туралы.
24. 2015 жылдың бірінші жарты жылдығында «АлЭС» АҚ еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау бойынша өткізілген шаралар есебін мәліметке қабылдау туралы.
25. Директорлар кеңесінің тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитетінің құрамын бекіту туралы.
26. «АлЭС» АҚ «Жазатайым оқиға туындаған жағдайда ақпарат ұсыну» қағидасын бекіту туралы.
27. «Алматы электр станциялары» АҚ 2015 жылғы Корпоративтік басқаруды жетілдіру және анықталған сәйкессіздіктерді жою жөніндегі шаралар жоспарын бекіту туралы.
28. Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін жетілдіру жөніндегі шаралар жоспарын бекіту туралы.
29. «АлЭС» АҚ іске асырылған тәуекелдерін есепке алу және талдау регламентін бекіту туралы.
30. «АлЭС» АҚ тәуекелдерін сәйкестендіру және бағалау тережесін бекіту туралы.
31. Негізгі тәуекелдерді сипаттап және талдау жүргізе отырып, «АлЭС» АҚ 2015 жылдың 3-тоқсанында тәуекелдерді азайту жөніндегі бағдарламалар мен жоспарларды жүзеге асыруға қатысты мәліметтерді қоса отырып, тәуекелдерді басқару жөніндегі есебін бекіту жөнінде.
32. «АлЭС» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидаларын ұстануды бағалау жөніндегі есебін бекіту туралы.
33. «АлЭС» АҚ Директорлар кеңесінің 2016 ж. жұмыс жоспарын бекіту туралы.
34. «АлЭС» АҚ 2016 жылға арналған тәуекелдер тіркемесін, тәуекелдер картасын, жалпы негізгі тәуекелдерді минимизациялау жөніндегі іс –шаралар жоспарын, негізгі тәуекелдерге, негізгі тәуекел көрсеткіштеріне қатысты және жалпы тәуекел – аппетитінің есебін бекіту туралы.
35. 2016 жылға өндірістік жарақаттану деңгейін төмендету жөніндегі іс – шаралар жоспарын бекіту туралы.
36. 2016 ж. арналған тәуекелдер мен бақылаулар матрицаларын бекіту туралы.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІНЕ СЫЙАҚЫ БЕРУ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ

Директорлар кеңесінің құрамындағы жалғыз акционердің өкілдеріне және Басқарма төрағасына сайықы төленбейді.

Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін атқарғаны үшін тәуелсіз директорларға әр мәжіліске қатысқаны үшін бекітілген сыйақы төленеді. Сыйақы мөлшері мәжілістің көзбе көз немесе сырттай болғанына тәуелді болады. Директорлар кеңесінің мүшелеріне төленетін сыйақы мөлшері мен төлем шарттары 2012 ж. 20 наурызда қабылданған Акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен анықталған («Алматы электр станциялары» АҚ акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының 20.03.2012 ж. №1 хаттамасы).

Тәуелсіз директорға тұрақты тұратын орнынан тыс жерлерде өткізілетін Қоғамның Директорлар кеңесінің мәжілісіне келуімен байланысты (жолы, тұру, тәуелсіздік) шығындар өтеледі.

4.3. «АлЭС» АҚ БАСҚАРМАСЫ. БАСҚАРМАНЫҢ 2015 Ж. ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ

БАСҚАРМА ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

«АлЭС» АҚ ағымдағы қызметі Басқарма Төрағасымен басқарылатын Басқарма нысанындағы алқалы органмен басқарылады.

Қоғам Басқармасының жұмысын ұйымдастыру, оның мәжілістерін шақырту, өткізу, шешімдерді қабылдау тәртібі Қоғамның Директорлар кеңесімен (31.10.2014 ж. №08/14 хаттама) бекітілген Қоғамды Басқару туралы ережемен анықталады.

Акционердің мүддесін барынша сақтау, адалдық, парасаттылық, жүйелілік Басқарманың қызметінің негізгі ұстанымдары болып табылады.

Басқарма өзінің қызметі бойынша Акционер мен Қоғамның Директорлар кеңесіне толықтай есебін береді. Қоғам Басқармасы көзбе көз қатысып дауыс беру нысанында мәжілістерді тұрақты өткізеді.

«Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР заңы және (немесе) Қоғам Жарғысымен акционерлерінің жалпы жиналысы мен атқарушы органның ерекше құзіретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Басқарма Қоғам қызметіне жалпы басшылық жасайды. Қоғам Басқармасының мүшелері Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімі бойынша сайланады.

2015 Ж. 1 ҚАНТАРДАҒЫ ЖАҒДАЙҒА СӘЙКЕС БАСҚАРМА ҚҰРАМЫ

МҰХАМЕД-РАХИМОВ НҰРЛАН ТАУФИҚҰЛЫ

Басқарма Төрағасы, Директорлар кеңесінің мүшесі.

1958 жылы 26 наурызда туған.

Білімі жоғары – Алматы энергетикалық институты.

Мамандығы – инженер-электрик.

Жұмыс тәжірибесі

1980 – 1985 жж. – Алматы 2-ЖЭО электр цехының аға кезекші электр монтері; электр цехының ауысым бастығы; электр цехының пайдалану жөніндегі бастығының орынбасары.

1985–1993 жж. – «Алматыэнерго» АЭШБ электр техникалық жабығын пайдалану және жөндеу қызметінің орынбасары, кейін бастығы.

1993 ж. 2-ЖЭО АПК 2-ЖЭО электр цехының бастығы лауазымына ауыстырылды.

1998–2005 жж. – АПК 2-ЖЭО бас инженері.

2005–2007 жж. – «АПК» АҚ электр және жылу энергиясын тарату жөніндегі бас инженерінің орынбасары.

2007–2012 жж. – «Алматы электр станциялары» АҚ бас инженері.

2012 ж. сәуірінен бастап осы уақытта – «Алматы электр станциялары» АҚ Басқарма Төрағасы.

Марапаттаулары:

2007 ж. – ҚР Энергетика және минералды ресурстар министрлігінің Құрмет грамотасы.

2008 ж. – «Самұрық» «Қазақстан мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі холдингі» АҚ Құрмет грамотасы; КЭА шешімімен «ҚР еңбек сіңірген энергетик» атағы берілді, ТМД Электр энергетикалық кеңесінің Құрмет грамотасы; ҚР еңбек сіңірген энергетигі; ҚР ИЖТМ Құрмет грамотасы.

2010 ж. – ТМД ЭЭЖ еңбек сіңірген энергетигі; «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» медалі.

2011 ж. – «KAZENERGY» медалі.

2013ж. – ҚР Премьер Министрінің Алғыс хаты.



ИСМУХАМБЕТОВ ҒАЗИЙ ЖҰМАБАЙҰЛЫ

Басқарма Төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары – Бас инженер

1960 жылы 20 шілдеде туған.

Білімі жоғары – Алматы энергетикалық институты.

Мамандығы – инженер-электрик.

Жұмыс тәжірибесі

1984–1985 жж. – Алматы энергетикалық институты жоғары кернеу техникалары кафедрасының инженері.

1986–2007 жж. – «АПК»АҚ – кезекші электр монтері, аға кезекші электр монтері, электр цехының ауысым бастығы, «АПК» АҚ 2-ЖЭО ауысым бастығы; орталық диспетчерлік қызмет диспетчері, орталық диспетчерлік қызметтің (ОДҚ) бастығы.

2007–2013 жж. «АлЭС» АҚ – бас инженердің орынбасары, бас инженер.

2013 ж. маусымынан – қазіргі уақытта «Алматы электр станциялары» АҚ Басқарма Төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары – бас инженер


Марапаттаулары:

2009 ж. – Алматы қ. әкімінің Құрмет грамотасы,

2010 ж. – «Самұрық-Энерго» АҚ Құрмет грамотасы:

ҚЭА еңбек сіңірген энергетигі,

2014 ж. – ТМД еңбек сіңірген энергетигі.



ЖАҢБЫРШЫ ҒАЛЫМ СӘДУАҚАСҰЛЫ

Басқарма Төрағасының дамыту жөніндегі орынбасары

1953 жылы 14 қыркүйекте туған.

Білімі жоғары – Алматы энергетикалық институты

Мамандығы – инженер-жылу энергетигі.

Жұмыс тәжірибесі

1970 ж. – Покровск құрылыс-монтаж басқармасының екінші дәрежелі монтаждаушы.

1976–1979 жж. – Энергетика ҚазФЗИ инженері.

1979–1988 жж. – Алматы 2-ЖЭО: турбина машинисі, турбиналық цехтың ауысым бастығы, станцияның ауысым бастығы, турбиналық цехтың пайдалану жөніндегі бастығы.

1988 ж. ақпаны – 1999 ж. сәуірі – «АПК» АҚ – «Энергожөндеу» ӨЖК қазандық жабдығының жөндеу жұмыстары жөніндегі шебері, орталық жөндеу цехындағы өндірістік учаскенің аға шебері; Алматы 2-ЖЭО Бас инженердің жөндеу жұмыстары жөніндегі орынбасары; Алматы 2-ЖЭО жалпы мәселелері жөніндегі директордың орынбасары;

Алматы 2-ЖЭО Әкімшілік-шаруашылық мәселелері мен сатып алулар жөніндегі менеджері.

1999–2007 жж. – «АПК»АҚ - «Энергожөндеу» ӨЖК басқарушы директоры.

2007–2012 жж. – АО «АлЭС» «Энергожөндеу» ӨЖК басқарушы директоры.

2012–2013 жж. – «АлЭС» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары.

2013 ж. маусымнан қазіргі уақытта – «АлЭС» АҚ Басқарма Төрағасының дамыту жөніндегі орынбасары.

Марапаттаулары:

2006 ж. – ТМД еңбек сіңірген энергетигі,

2008 ж. – КЭА Құрмет грамотасы,

2009 ж. – ТМД ЭЭС Құрмет грамотасы,

2010 ж. – КЭА еңбек сіңірген энергетигі,

2011 ж. – «KAZENERGY» медалі,

2011 ж. – «Тәуелсіз Қазақстанға 20 жыл» мерейтойлық медалі,

2013 ж. – Алматы қ. әкімінің, «Самұрық-Энерго» АҚ, ҚР ИЖТМ Құрмет грамоталары,

2013 ж. – Қазақстан Республикасының «Құрмет» ордені.



ЗУЛХИЯ ЕСЕНБАЙҚЫЗЫ ДЖАНАНОВА

Басқарма Төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары

1970 жылы 6 шілдеде туған

Білімі жоғары – Қазақ Мемлекеттік Басқару академиясы.

Мамандығы – «Қаржы және несие».

Жұмыс тәжірибесі

1995–2001 жж. – экономист, ҚазАгропромбанк қазынашылығы директоры

2001–2002 жж. – «Аграрлық Несиелік Корпорация» ЖАҚ несие беру бөлімінің бастығы.

2002–2004 жж. – «Эйр Қазақстан» ЖАҚ қаржылық департаментінің директоры.


2004–2006 жж. – «КМГ» Сауда үйі» АҚ Ішкі аудит қызметінің бастығы.

2006–2009 жж. – «КМГ-Астана» ЖШС атқарушы директоры.

2009–2009 жж. – «КМГ» Сауда үйі» АҚ СУО қызмет басшысы.

2009–2010 жж. – «Қазақстан инжиниринг» АҚ Ішкі аудит қызметінің басшысы.

2010 ж. – қазіргі уақытта «Алматы Электр Станциялары» АҚ Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары.



Марапаттаулары

2011 ж. – «Самұрық-Энерго» АҚ Құрмет грамотасы.

ВЯЧЕСЛАВ ДЖУЛДАСОВИЧ САНАТБАЕВ

Басқарма Төрағасының жабдықтау жөніндегі орынбасары

1974 жылы 13 қантарда туған.

Білімі жоғары – «Әділет» Жоғары құқық мектебі

Мамандығы – «Құқықтану».

Жұмыс тәжірибесі

05.1998 – 09.1999 жж. – Алматы облысы Әділет басқармасының аға маманы – кеңесшісі.

09.1999 – 04.2000 жж. – Әділет министрлігінің сот қаулыларын орындау Комитетінің Алматы қаласы бойынша Департаментінің кадрлар бөлімінің бас маманы.

04.2000 – 04.2001 жж. – «Алматы шайы» ЖШС заң бөлімі бастығының м.а., заңгер.

04.2001 – 04.2002 жж. – Д.А.Қонаев атындағы «Мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қоры» ЖАҚ, заңгер.

04.2002 – 02.2006 жж. – «Қазақтелеком» АҚ менеджері, бас менеджері.

02.2006 – 08.2007 жж. – «Қазақтелеком» АҚ филиалы, «Алматытелеком» Қалалық телекоммуникациялар орталығы заң бөлімінің бастығы.

08.2007 – 11.2010 жж. – «Транстелеком» АҚ Мемлекеттік сатып алу департаменті директорының орынбасары, директоры.

02.2010 – 01.2011 жж. – «Мемлекеттік материалдық резервтер» ММ мемлекеттік сатып алу басқармасы, сарапшы, бастығы.

07.2012 – 01.2014 жж. – «Балқаш ЖЭС» АҚ сатып алу департаменті директорының бас менеджері, директоры.

01.2014–04.2014 жж. – «Мойнақ ГЭС» АҚ коммерциялық мәселелер жөніндегі бас директор орынбасарының м.а.

04.2014 – 11.2014 жж. – «Маңғыстау электр тарату желісі компаниясы» АҚ жабдықтау жөніндегі басқарушы директор.

19.11.2014 ж. бастап қазіргі уақытта – Басқарма төрағасының жабдықтау жөніндегі орынбасары:



НАДЕЖДА ЕВГЕНЬЕВНА БАЙЖАНОВА

Құқықтық мәселелер жөніндегі басқарушы директор

1951 жылы 22 тамызда туған

Білімі жоғары – С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті.

Мамандығы – Заңгер.

Жұмыс тәжірибесі

1994–1997 жж. – ҚР Үкіметінің аппараты, ҚР Премьер- Министрінің – Канцеляриясы заң бөлімі секторының меңгерушісі.

1998–1999 жж. – «KEGOC»АҚ Заң басқармасының бастығы.

1999–2001 жж. – МРК «АБС-Балқаш» АҚ заң департаментінің директоры.

2001–2006 жж. – «KEGOC»АҚ заң департаментінің директоры.

2006–2007 жж. – «Корпорация КУАТ»АҚ халықаралық-экономикалық қатынастар жөніндегі қаржы департаменті директорының орынбасары.

2007–2008 жж. – «Vita»АҚ құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі директор.

2008 жылдан бастап қазіргі уақытта – «Алматы электр станциялары» АҚ Құқықтық мәселелер жөніндегі басқарушы директор.



Марапаттаулары:

2001 ж. – ҚР Президенті Н.А.Назарбаевтың алғыс хаты.

2006 ж. – «Қазақстан Республикасы Конституциясына 10 жыл» мерейтойлық медалі.

2008 ж. – ТМД Электр техникалық кеңесінің құрмет грамотасы.

2011 ж. – Алматы қ. әкімінің Құрмет грамотасы.

2013 ж. – КЭА Құрмет грамотасы.

КАЗНАЧЕЕВ ВАСИЛИЙ ВАСИЛЬЕВИЧ

«АлЭС» АҚ Қапшағай ГЭС басқарушы директорының жабдықтау жөніндегі орынбасары

1948 жылы 9 ақпанда туған

Білімі:

Орташа-арнайы – Алматы гидромелиоративтік техникум, мамандығы – «Гидроэлектростанциялар құрылысы»;

Жоғары - Алматы экономика университеті

Мамандығы – «Мемлекеттік және жергілікті басқару».

Жұмыс тәжірибесі

1970–1995 жж. – Қапшағай ГЭС: сүңгуірлер тобының старшинасы; гидротехникалық цехтың аға шебері; кадрлар жөніндегі аға инженер, директордың көмекшісі, директорының орынбасары.

1995–1996 жж. – «Қапшағай ГЭС» РМК директорының орынбасары.

1996–1999 жж. – «АПК» АҚ әкімшілік-қаржылық мәселелер мен сатып алулар жөніндегі басқарушы директордың орынбасары.

1999–2000 жж. – «АПК» АҚ инвестициялар, сатып алулар және әкімшілік мәселелер жөніндегі менеджер.

2000–2007 жж. – «АПК» АҚ «Қапшағай ГЭС» басқарушы директоры.

2007–2014 жж. – «АлЭС» АҚ Қапшағай ГЭС басқарушы директоры.

2014 жылдан бастап қазіргі уақытта -- АлЭС АҚ Қапшағай ГЭС басқарушы директорының жабдықтау жөніндегі орынбасары.



Марапаттаулары:

2002 ж. – «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл», медалі.

2003 ж. – ҚР «Ерен еңбегі үшін» медалі.

2007 ж. – ҚР еңбек сіңірген энергетигі.

2009 ж. – ТМД ЭЭС еңбек сіңген энергетигі, Қазақстан компартиясы ОК, Энергетика министрлігінің, Алматыэнерго Құрмет грамоталары, Қапшағай қ. құрметті азаматы.

2009 ж. – ТМД еңбек сіңірген энергетигі.

2011 ж. – «ҚР Тәуелсіздігіне 20 жыл» мерейтойлық медалі.

2012 ж. – «Қазақстан Республикасының Құрмет» ордені.

ҚОҒАМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚҰРАМЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

«АлЭС» АҚ Жалғыз акционерінің шешімімен «Самұрық-Энерго» АҚ Басқармасының 26.12.2014 ж. № 18 хаттамасы негізінде В.Д. Санатбаев 05.01.2015 ж. бастап «АлЭС» АҚ Басқармасы мүшелігіне сайланды.

ҚОҒАМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ УАҚЫТТАҒЫ ҚҰРАМЫ

Н.Т. Мұхамед-Рахимов	Басқарма Төрағасы
Ғ.Ж. Исмұхамбетов	Басқарма Төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары – Бас инженер
Ғ.С. Жаңбыршы	Басқарма Төрағасының дамыту жөніндегі орынбасары
З.Е. Джананова	Басқарма Төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары
В.Д. Санатбаев	Басқарма Төрағасының жабдықтау жөніндегі орынбасары

БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІН ІРІКТЕУ ТАЛАПТАРЫ

Қоғам Басқармасы туралы Ережеге және Жарғыға сәйкес Басқарма мүшелері Қоғамның жалғыз акционерінің шешімімен сайланады.

Қоғам Басқармасының сандық құрамы «АлЭС» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (31.10.2014 ж. № 08/14 хаттама) бекітілген «АлЭС» АҚ Басқармасы туралы ережемен» анықталады. Басқарма мүшелерінің саны 5 (бес) мүшеден кем болмауы тиіс.

Басқарма мүшелігіне үміткерлердің акционер мен Қоғамның мүддесі үшін Басқарма жұмысын тиімді ұйымдастыру мен өз міндеттерін орындауға қажетті жұмыс тәжірибесі, абырой-беделі, білімі және іскерлік және (немесе) салалық ортада оңды жетістіктері болуы тиіс.

Басқарма мүшелерін іріктеу мен тағайындау Қоғамның Директорлар кеңесімен анықталған барынша айқын және нақты тәртіптемелер негізінде жүргізіледі.

2015 Ж. БАСҚАРМА МӘЖІЛІСТЕРІНІҢ САНЫ

2015 жылы Қоғам Басқармасының 40 мәжілісі өткізілді. Барлық мәжілістер көзбе-көз қатысумен өтті. Мәжілістер аясында 160-тан аса мәселе қарастырылды, атап айтқанда:

1. «АлЭС» АҚ төлемдерін жүзеге асыру тәртібі туралы» қағиданы бекіту туралы.
2. «АлЭС» АҚ ұйымдық құрылымына және штат кестесіне өзгерістер енгізу туралы.
3. Электр энергиясы өндірісіне шығындар сметасын бекіту.
4. Инвестициялық бағдарламаны жүзеге асыруға жұмылдырылатын меншікті қаражат көздерінің қосымша сомасын бекіту.
5. Ірі мәмілелер жасау жөнінде шешімдер қабылдау мәселесі бойынша «АлЭС» АҚ Директорлар кеңесіне өтініш білдіруі.
6. ДП (ҚР)-8.2.2-ИСУ-004 «Ішкі аудит», № 1 – басылым бекіту.
7. «АлЭС» АҚ 2015 жылдағы күнделікті және/немесе апталық қажеттілік тауарлары, жұмыстары және қызметтері тізіліміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
8. «АлЭС» АҚ Ұзақмерзімді сатып алулар жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу.
9. «АлЭС» АҚ Ішкі бақылау жүйесі туралы» қағиданы алдын ала мақұлдау туралы.
10. «АлЭС» АҚ Ішкі бақылау регламентін» алдын ала мақұлдау туралы.
11. 2014 ж. 4-тоқсанындағы «АлЭС» АҚ тәуекелдерін басқару жөніндегі есебін келісімдеу туралы.
12. «АлЭС» АҚ еңбек әулеттеріне құрмет көрсету бойынша іс-шаралар жоспарын бекіту туралы.
13. «АлЭС» АҚ Тәуекелдерін басқару жөніндегі комитеттің жаңа құрамын бекіту туралы.
14. «АлЭС» АҚ автокөлігін КПП-ға (компримирленген газ) ауыстыру туралы.
15. Ұлы Отан соғысындағы жеңістің 70 жылдығын мерекелеу жөніндегі іс шаралар жоспарын қарастыру және бекіту.
16. «АлЭС» АҚ омбудсменінің өкілеттілігі мерзімін ұзарту туралы.
17. Қазақстан Республикасының Конституциясы күніне орай жоспарланған іс шаралар жоспарын бекіту туралы.

18. П (Қ)-8.5.-ТБ-068 «АлЭС» АҚ өнертапқыштық жұмыс туралы ереже» №0 – басылымын алдын ала бекіту туралы.
19. ДП (ҚР)-6.1.-ПДЖИБ-069 «Реттеліп көрсетілетін қызметтер бойынша инвестициялық бағдарламаларды қалыптастыру, түзету және мониторингілеу процедурасы» №0 – басылымын алдын ала бекіту туралы.
20. ДП (ҚР)-6.1.-БжЭТБ-71 «АлЭС» АҚ бюджеттік комиссиясының қарауына ұсынылатын құжаттарды қалыптастыру регламентін», №0 – басылымын бекіту туралы.
21. «АлЭС» АҚ қызметкерлерінің «Болашақ» бағдарламасы бойынша тағылымдамадан өтуі туралы.
22. «АлЭС» АҚ КӘЖ (КСО) (корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік) саласындағы жобаларды іске асыру ережелерін бекіту туралы.
23. П (Қ)-6.1.-ТБ-070 Су тұтыну көлемін төмендету бастамасынан туындайтын экономикалық тиімділікті есептеу әдістемесін» №0 – басылымын бекіту туралы.
24. «АлЭС» АҚ Еңбекті қорғау және қоршаған ортаны сақтау бойынша 2015 жылдың 1 – жарты жылдығында өткізген іс-шаралар есебін алдын ала мақұлдау туралы.
25. 1-ЖЭО 80-жылдығына арналған іс шаралар жоспарын бекіту туралы.
26. 2015 жылдың 9 айында Энергияны үнемдеу және энерго тиімділікті арттыру жөніндегі жоспардың орындалуы туралы есебін бекіту туралы.
27. «АлЭС» АҚ Трансформация бағдарламасының аясында негізгі бағыттарды бекіту туралы.
28. Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін (ТБКЖ) жетілдіру бойынша іс шаралар жоспарын алдын ала мақұлдау туралы.
29. Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін (ТБКЖ) жетілдіру бойынша іс шаралар жоспарын алдын ала мақұлдау туралы.
30. «АлЭС» АҚ 2016–2020 жж. арналған даму жоспары мен «АлЭС» АҚ даму жоспарының 2015 жылдың 9 айында орындалу есебін келісімдеу.
31. «АлЭС» АҚ 2016 жылға арналған Тәуекелдер тіркемесін, Тәуекелдер картасын, Жалпы негізгі тәуекелдерді минимизациялау жөніндегі іс-шаралар жоспарын, негізгі тәуекелдерге, негізгі тәуекел көрсеткіштеріне қатысты және жалпы тәуекел – аппетитінің есебін бекіту туралы.
32. «АлЭС» АҚ 2016 жылға арналған МБЖ саласындағы мақсаттарын бекіту туралы.
33. 2016 жылға өндірістік жарақаттану деңгейін төмендету жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы.
34. «Парыз 2015» конкурсының қорытындылары туралы.
35. ДП (ҚР)-5.4.-БМЖЖҚДБ-059 «Қоғамдағы маркетинг процесі» №1 – басылымын бекіту туралы.
36. Өнертапқыштық ұсыныстарды бұдан әрі мақұлдау және іске асыру туралы.
37. Негізгі құралдар мен тауарлық – материалдық қорларды түгелдеу нәтижелерін бекіту туралы.
38. Спонсорлық, қайырымдылық және материалдық көмек көрсету жөніндегі мәселелер.

БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІНЕ СЫЯҚЫ БЕРУ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ

Басқарма Төрағасы мен Басқарма мүшелерінің лауазымдық жалақысының, еңбек жағдайы мен сыйақы беру шарттары Қоғамның Директорлар кеңесі мен Жалғыз акционерінің шешімімен белинген.

2015 ж. Басқарма мүшелерінің қызметін бағалау Қоғамның қаржылық -шаруашылық қызметінің тиімділігін, Басқарма мүшелерінің қызметінде жоғарғы нәтижелікке қол жеткізу дәрежесін сипаттайтын қызметтердің негізгі көрсеткіштері (ҚНҚ) негізінде жүзеге асырылды.

Соңғы жылы атқарушы орган мүшелеріне берілетін сыйақы мөлшері 186 168 835 теңгені құрайды.

4.4. ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

Қоғамның ішкі аудит қызметі белгіленген тәртіпте:

- 1) Қоғамның қызметі туралы тәуелсіз шынайы ақпаратты ұсынады;
- 2) жүйелендірілген және бірізділік тәсілін пайдаланып, тәуекелдерді

басқару, ішкі бақылау және корпоративтік бақылау процестерін бағалайды, кеңес береді және жетілдіреді;

- 3) ҚР қолданыстағы заңнамаларына, Қоғамның ішкі құжаттары мен

Қоғамның Ішкі аудит қызметі туралы ережелерге сәйкес өзінің құзіреті аясындағы басқа да қызметтерді жүзеге асырады.

Ішкі аудит қызметінің функционалын иегер компанияның ішкі аудит қызметі өткізеді.

4.5 КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІН САҚТАУ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

Қоғам корпоративтік басқару саласында қолданыстағы заңнама талаптарын орындайды және Корпоративтік басқару кодексінің келесі қағидаларын ұстанады:

- Жалғыз Акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидасын;
- Директорлар Кеңесі (ДК) мен Басқарманың Қоғамды ұтымды басқару қағидасын;
- Қоғамның дербес қызметі қағидасын;
- Қоғам қызметі туралы ақпаратты ашып көрсетудегі айқындық және шындық қағидаларын;
- заңдылық және этика қағидаларын;
- тиімді дивиденд саясаты қағидасын;
- тиімді кадр саясаты қағидасын;
- қоршаған ортаны қорғау қағидасын;
- корпоративтік даулар мен мүдделік дауларды реттеу қағидасын;
- жауапкершілік қағидасын.

Қоғамның корпоративтік басқару құрылымы Заңнамаға сәйкес келуі және Қоғам органдары арасындағы міндеттердің нақты бөлінуін анықтауы керек.

Кодексте баяндалған корпоративтік басқару қағидаларын ұстану, Қоғам қызметіне объективті талдау жүргізу үшін тиімді тәсілді іріктеуге және қажетті жағдайда, талдаушылар, кеңес берушілер, рейтингтік агенттіктерден тиісті ұсыныстарды алуға көмектесуі керек.

Қоғамның ұйымдық құрылымы міндеттердің Қоғам органдарының арасында бөлінуін қамтамасыз етеді және заңнама талаптары мен корпоративтік басқарудың негіздеріне сәйкес келеді. Қоғамда Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесі мен Басқарма отырыстарын шақырту рәсімдері сақталады. Қоғам Жарғысында және ішкі құжаттарында Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің және Басқарманың қызметтері, өкілеттіліктері мен құқықтары, олардың мүшелері мен құрылымдық бөлім басшыларына қойылатын негізгі талаптар, сондай-ақ лауазымға сайлау тәртібі ашық көрсетілген. Жарғыда және Корпоративтік басқару кодексінде Директорлар кеңесі мен Басқарма жанынан Комитеттер құру, Корпоративтік хатшының қызметі мен өкілеттілігі жайында ақпарат көрініс тапқан. Директорлар кеңесімен тәуекелді басқару және қаржылық – шаруашылық қызметті ішкі бақылау жөніндегі процедуралары бекітілген, мүдделер жанжалын шешу, ірі мәмілелер, мүдделі тараптармен мәмілелер жасау, мәліметтерді ашу жайлы талаптар, дивиденд төлеу және т. б. жайында ақпарат бар.

Қоғамда Басқарма жанында Тәуекелді басқару комитеті құрылды. 2015 жылы осы Комитет аясында мәжіліс өткізілді, онда Комитеттің жұмыс жоспарын бекіту, тәуекелдер тіркелімі мен картасын, негізгі тәуекелдер көрсеткіштерін, тәуекелдерді басқару бойынша есебін келісу мәселелері қарастырылды.

Сонымен қатар, жұмыстары бөлек ішкі құжаттармен реттелетін Дебиторлар және кредиторлармен жұмыс істейтін комитет, Бюджет комиссиясы бар.

Қоғамда қоршаған ортаны қорғау, еңбек және монополияға қарсы заңнама саласындағы қолданыстағы заңнама қағидаттарына негізделген қызметтің айқындығы мен ашықтығы қамтамасыз етіледі.

Қазіргі уақытта Қоғамда тұрақты негізде корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру бойынша шаралар қабылдануда.



5. ТҰРАҚТЫ ДАМУ



- | | | |
|------|---|----|
| 5.1. | Қайырымдылық және әлеуметтік жобаларға қатысу | 70 |
| 5.2. | Кадр саясаты | 70 |
| 5.3. | Табиғатты қорғау. Табиғи ресурстарды тиімді пайдалану | 80 |





5.1. ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАРҒА ҚАТЫСУ

«АлЭС» АҚ қазақстан қауымының қоғамды өміріне белсенді түрде қатысады, сондай-ақ қолдаушы және қайырымдылық көмектерін көрсетеді.

Қолдау көмегін көрсетудің негізгі басымдығы – Қазақстан Республикасы Президентінің, Басқарушы компания атқарушы органының шешіміне сәйкес Басқарушы компания басқару органының тапсырмасы бойынша іс-шараларды; спорттың жеке түрлерін, спорттық іс-шараларды және спорттық инфрақұрылымды дамытуды; әлеуметтік-елеулі жобаларды; Қордың және/немесе Қоғамның қызметіне байланысты ұйымдық-тәжірибелік іс-шараларды (халықаралық конференциялар, форумдар, инвестициялық саммиттер, дөңгелек стөл және т.с.с) және өзге де беделді жобаларды қолдау және қаржыландыру.

Қайырымдылық көмегін көрсетудің негізгі басымдығы - Қазақстан Республикасы Президентінің, Директорлар кеңесі мен Қоғам басқармасының тапсырмасы бойынша іс-шараларды; ардагерлер, мүгедектер, балалар үйі және өзге де әлеуметтік саладағы коммерциялық емес ұйымдардың жарғылық қызметін; Қоғамның Ұжымдық шартына сәйкес Қоғам есебіндегі зейнеткерлерді; Қазақстан Республикасының аумағында болған табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайларға байланысты іс-шараларды және өзге де әлеуметтік жобаларды қолдау және қаржыландыру.

2015 жылы «Астана» Президенттік кәсіби спорт клубы» Корпоративтік қорына және «Нұр» қайырымдылық жанұялық үйі» ҰМ-ға қолдау және қайырымдылық көмегі көрсетілді.

5.2 КАДР САЯСАТЫ

Қоғамның кадрлық саясатының негізгі тапсырмаларының бірі ол қоғамның стратегиялық мақсаттарына сәйкес келетін ұйымдық құрылымын тиімді құруға өз септігін тигізетін, сондай-ақ адам ресурстарындағы қажеттілікті тиімді жоспарлауға және қажетті білімді, дағдыларды, іскерлік және жеке қасиеттегі мамандарды уақытымен іріктеуге мүмкіндік беретін кадрларды іріктеу мен тағайындаудың бірыңғай жүйесін құру болып келеді.

Қоғамда бос қызмет орнына кәсіби мамандарды жұмылдыруға мүмкіндік беретін ашық конкурс байқау принципі енгізілді. Конкурстық байқаудың негізгі принциптері конкурстық рәсімдердің айқындығына, кандидаттың кәсібилігі мен біліктілігіне аса мән беру.

№	Көрсеткіштер атауы	Мәні
1.	Орташа тізімдік сан	3 259 адам
2.	Еңбекақыға шығатын шығындар (ЕТҚ)	8 235 119 мың теңге
3.	Орташа еңбекақы	210 574 теңге
4.	Бір жылда оқудан өткен қызметкерлер пайызы	90%
5.	1 қызметкерді оқытуға кететін шығыс	27 000 теңге
6.	Еңбекақы төлеу қорынан қызметкерлерді дамытуға шығаратын шығыс пайызы	0,97%
7.	Еңбек қатынастарын бұзған қызметкерлер саны	125 адам
8.	Кадрлардың тұрақтамауы	3,78%

КАДРЛАРДЫ ДАМУ, ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР БІЛІКТІЛІКТЕРІН ЖОҒАРЛАТУ

Кәсіби оқыту:	2015	
	адам	млн теңге
Жұмысшылар	2223	24,5
ИТЖ және мамандар	683	46,3
Студенттер (жұмысшыларды ЖОО-да және колледже оқыту)	42	8,8
Барлығы:	2948	79,6

Электр энергетика спецификасы «Пайдалану және қауіпсіздік техникасы ережелеріне» сәйкес жұмысшыларға кіру рұқсатын беру үшін, кәсібиліктің жоғары деңгейін ұстау, өндірістік департаменттерді жоғары кәсіби кадрлармен қамтамасыз ету үшін кадрларды әрдайым үздіксіз дайындауды, қайта дайындауды талап етеді. Қызметкерлерді дамыту қызметкерлерді басқару жөніндегі қызметтің негізгі бағыттарының бірі болып келеді. Қызметкерлерді кәсіби оқыту жүйесінің негізгі мақсаты Қоғам жұмысын қауіпсіз, сенімді, тиімді жүргізуді қамтамасыз ететін қызметкерлер біліктіліктерінің қажетті деңгейіне қол жеткізу және оны қолдау.

«АлЭС» АҚ Қызметкерлерді дайындау бөлімінде қызметкерлерге жүргізілетін оқытуды үйлестіреді, сондай-ақ негізгі энергетикалық кәсіптері бойынша жұмысшыларға кәсіби дайындауды, қайта дайындауды, біліктіліктерін жоғарлатуды жүргізеді, «Азаматтық қорғаныс туралы» ҚР 11.04.2014 ж. Заңының 79-бабына сәйкес қауіпті өндірістік объектілерге пайдалануды жүзеге асыратын қызметкерлерге арналған біліктілікті жоғарлату курсы өткізеді.


2015 жылы қызметкерлерге келесі негізгі бағыттар бойынша оқыту жүргізілді:

<p>Қызметкерлерді жаңа жабдық бойынша мамандандырылған оқыту:</p> <ul style="list-style-type: none"> Технологиялық үдерістерді басқарудың автоматтандырылған жүйесі; жиілікті-реттелетін жетектер; Релелік қорғаныс және автоматиканың микропроцессорлы құрылғылары 	<p>Кәсіби оқыту және қызметкерлерді дайындау:</p> <ul style="list-style-type: none"> Өнеркәсіптік қауіпсіздік бойынша оқыту; Оперативті қызметкерлерді негізгі жұмыс мамандығы бойынша оқыту; Энергияны тиімдеу бойынша оқыту; Қызметкерді өндірістен қол үзбей өндірістік-техникалық оқыту
<p>Оқытудың дуалды жүйесі:</p> <p>2013 жылы Алматы мемлекеттік энергетика және электронды технологиялар колледжімен оқытудың дуалды жүйесі бойынша шарт жасалды (24 студентпен).</p> <p>Қазіргі уақытта дуалды оқыту жобасын Алматы Энергетика және Байланыс университетімен жасау қарастырылып жатыр.</p>	

КАДР ӘЛЕУЕТІН ДАМУ

Басқарушы лауазымдарға кадрларды дайындауға ерекше көңіл беріледі, осыған байланысты Басқарма төрағасының төрағалығымен, Басқарма мүшелерінің, өндірістік департаменттердің Басқарушы директорлары және кадр қызметтерінің басшыларының қатысуымен кадрлық резервтермен жұмыс жасау бойынша жылына екі рет кеңес өткізіледі.

Кадрлық резервтен тағайындалғандар саны



2015 жылы кадрлық резервтің 70 адамына негізгі бағыттары бойынша оқыту жүргізілді:

Төмендегі тақырыптар бойынша басқарушылық құзыреттілігін дамытуға оқыту:

- Басқарушылық құзыреттіліктерін дамыту үшін қызметкерді бағалау;
- Жоғары буындағы басшыларға арналған жеке әсер;
- Жоспарлау мен бюджеттеудің негіздері;
- Менеджерлерге арналған медиативті құзыреттер;
- Әлеуметтік-еңбек қатынастарындағы медиация


Кәсіби оқыту:

- Кәсіпорынның техникалық қызмет көрсетуін және жөндеулерін тиімді басқару. Ұқыпты өндіріс;
- Заманауи энергожүйенің инновациялық даму факторы сияқты бөлінген генерация;
- Қаржы-экономикалық блоктағы қызметкерлерді сертификациялау және біліктіліктерін жоғарлату;
- ЖОО-да және колледжде


Өндірістік тағылымдама:

- 2014–2015 жж. 14 басшыға және «Жарқын Болашақ» жастар ұйымының 16 мүшесіне Қоғамның өзге бөлімдерінде тағылымдамадан өту ұйымдастырылды.
- 2014 жылы «АлЭС» АҚ 4 қызметкері «Энергетикалық менеджмент» және «Энергияны үнемдеу және энергия тиімділігін жоғарлату» бағдарламалары бойынша «Болашақ» халықаралық бағдарламасымен Германияда тағылымдамадан өтіп келді, 2016 жылдың наурыз-сәуір айларында 2 қызметкер «Энергетика» бағдарламасы бойынша Германияда тағылымдамадан өтеді.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ САНАТТАРЫ БОЙЫНША ҚҰРЫЛЫМ



Қызметкерлердің жас шамасына қарай саны



ЕҢБЕКАҚЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӨСУ ҚАРҚЫНЫ

«АлЭС» АҚ қызметкерлерінің еңбектеріне ақы төлеу Қоғамның директорлар Кеңесінің шешімімен бекітілген (23.12.2010 ж. № 16 хаттама) және «АлЭС» АҚ 2013–2016 жылдарға арналған Ұжымдық шартының (№ 4-қосымша) ажырамас бөлігі болып келетін «АлЭС» АҚ қызметкерлеріне еңбекақы төлеу туралы ережесіне» сәйкес жүргізіледі.

«АлЭС» АҚ-да еңбекке ақы төлеудің екі негізгі **кесімді және мерзімдік** нысаны қолданылады – .

Кесімді нысаны негізгі және көмекші энергетикалық жабдықтарға жөндеу мен техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын «Энергожөндеу» ӨЖК департаментінің қызметкерлерінің еңбектеріне ақы төлеу үшін қолданылады ≈ 800 адамға.

Мерзімдік нысаны «АлЭС» АҚ қалған санаттағы барлық қызметкерлерінің еңбектеріне ақы төлеу үшін қолданылады ≈ 2 421 адамға.


ҚР Еңбек кодексінің 124-бабына және «АлЭС» АҚ қызметкерлеріне еңбекақы төлеу туралы ережесіне» сәйкес «АлЭС» АҚ-да жыл сайын 1 қаңтардан бастап айлық тарифтік мөлшерлемелерді (лауазымдық жалақыларды) құнсыздану деңгейінде индексстеу жүргізіледі («Республикалық бюджет туралы» ҚР Заңымен белгіленген өзгерген еңбекақының минималды көлеміне үйлесімді түрде).

1-ші санаттағы жұмысшының 01.01.2015 жылдан бастап белгіленген минималды тарифтік мөлшерлемесі (жалақысының тұрақты бөлігі) 52 700 теңгені құрады, бұл электр энергетика қызметкерлеріне 2015 жылға арналған ҚР Еңбек кодексінің 122-бабымен белгіленген (42 728 теңге) айлық жалақының ең төмен мөлшерінен (АЖТМ) 23%-ға жоғары болғанын көрсетеді.



2012–2015 жж. орташа айлық еңбекақының өзгеруі

Көрсеткіштер атауы	2012 (факт)	2013 (факт)	2014 (факт)	2015 (факт)	2016 (жоспар)
Орташа айлық еңбекақы, теңге	157 422	170 519	195 447	210 574	226 441
Жыл сайынғы өсу %		108,3	114,6	107,7	107,5

Орташа айлық еңбекақының өзгеру динамикасы, теңге



Тұрақсыздық динамикасы




- Төлемнің кесімді нысаны
- Төлемнің мерзімдік нысаны


ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ ЖӘНЕ МАТЕРИАЛДЫҚ КӨМЕК

Материалдық көмек түрлері	2015 ж.	2016 ж.
Бала тууға байланысты	лауазымдық жалақының тұрақты және өзгермелі бөлігі	лауазымдық жалақының тұрақты және өзгермелі бөлігі
Электр энергетикадағы жұмыс өтіліне қарай қызметкерлердің мерейтойларына (50, 60, 70 жас) байланысты	64 092 ден 149 548 теңгеге дейін (3–7 ЖТМ)	68 577 ден 160 013 теңгеге дейін (3–7 ЖТМ)
Зейнеткерлік жасына жеткен қызметкерлерге	Лауазымдық жалақының тұрақты және өзгермелі бөлігі	Лауазымдық жалақының тұрақты бөлігі
Қызметкерді және оның мүшелерін емдеуге (балаларын, жұбайын, ата-аналарын)	85 456 теңгеге дейін (4 ЖТМ) 64 092 теңгеге дейін (3 ЖТМ)	91 436 теңгеге дейін (4 ЖТМ) 68 577 теңгеге дейін (3 ЖТМ)
Демалысқа шығатын кезде сауықтыруға	85 456 теңгеге дейін (4 ЖТМ)	91 436 теңге (4 ЖТМ)
Еңсерілмейтін жағдайларда	200 000 теңгеден кем емес	200 000 теңгеден кем емес
Қызметкердің қайтыс болуына байланысты	Лауазымдық жалақының тұрақты және өзгермелі бөлігі, бірақ 213 640 теңгеден кем емес (10 ЖТМ)	Лауазымдық жалақының тұрақты және өзгермелі бөлігі, бірақ 228 590 теңгеден кем емес (10 ЖТМ)
Қызметкердің жақындарының қайтыс болуына байланысты:	213 640 теңге (10 ЖТМ) 64 092 теңге (3 ЖТМ)	228 590 теңге (10 ЖТМ) 68 577 теңге (3 ЖТМ)
<ul style="list-style-type: none"> жұбайы, балалары, ата-анасы, туған бауырлары, әпкелері, немерелері 		
Зейнетке шыққан бұрынғы қызметкерлерге:	Жұмыс берушінің шешімі бойынша 64 092 теңгеге дейін (3 ЖТМ)	Жұмыс берушінің шешімі бойынша 68 577 теңгеге дейін (3 ЖТМ)
<ul style="list-style-type: none"> 8-наурызға, 9-мамырға, Энергетик күніне, кәсіпорынның мерейтойлық күндеріне, төтенше жағдайлар кезінде емделуге және т.с.с 		

Әлеуметтік пакет бойынша төлемдер динамикасы, млн теңге



Бала тууына жүргізілген төлемдер саны



ӘЛЕУМЕТТІК ІС-ШАРАЛАР

12 ақпанда – Энергетиктер кәсіподағы федерациясымен, «Самұрық-Энерго» АҚ-мен, «АлматыЭнергоСбыт» АҚ қызметкерлерінің кәсіподағымен және «Дружные ребята» республикалық балалар газетімен ұйымдастырылған «Энергияны үнемдейтін уақыт!» республикалық балалар конкурсы өткізілді. Конкурста Қазақстанның барлық оқушыларының 200 ден астам жұмысы көрсетілді.


18 сәуірде – Жеңіс Күніне арналған балалар суретінің конкурсына қорытынды жүргізілді. Қызметкерлердің 3 жастан 16 жасқа дейінгі балаларының 70 астам жұмыстары көрмеге қойылды.

2015 жылдың 24 маусымында «Эдельвейс» энергетиктер кәсіподағының балаларды сауықтыру лагерінің ашылу салтанаты өтті. Аталған лагерде үш маусым ішінде 406 бала демалды, оның ішінде 305 «АлЭС» АҚ қызметкерлерінің балалары. Жұмыс беруші жолдама құнының – 50% -на төлем жүргізді.

1 тамызда – Халықаралық балаларды қорғау күні құрметіне орай балалар арасында болған сурет конкурсының нәтижесі бойынша құттықтау рәсімі жүргізілді, конкурсқа 66 бала қатысты.

Ұлы Отан Соғысының 70 жылдығына орай ардагерлер құттықталды. «АлЭС» АҚ Басшылығы Виктор Павлович Гуляевты, Василий Матвеевич Заецты, Михаил Николаевич Кургановты, Егор Федорович Толстыхты құттықтады.

15 МАМЫР – ЕҢБЕК ӘУЛЕТТЕРІ КҮНІ




2015 жылы «Самұрық-Энерго» АҚ компаниялары тобы бойынша «Еңбек әулеттері күніне» қатысулары үшін Қоғам атынан Рассказовтар мен Окуневтер әулеттері жіберілді.

Рассказовтарды салтанатты марапаттау рәсінде, оны ұсынған кадр жөніндегі бас маман Рысева Ольга Николаевна «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ медалімен және құрмет грамотасымен марапатталды. Каскад ГЭС департаментінде Рассказовтар әулетінің жалпы жұмыс өтілі – 136 жыл.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ЖҰМЫЛДЫРУ ИНДЕКСІ

«Самұрық-Қазына» Корпоративтік университеті» жеке мекемесімен өткізілген «АлЭС» АҚ қызметкерлерін жұмылдыруды зерттеу нәтижесі



ОМБУДСМЕН ҚЫЗМЕТІ

ІСКЕРЛІК ЭТИКА КОДЕКСІ – қоғам басшыларын қоса, барлық қызметкерлермен міндетті түрде орындалуы тиіс құжат


2015 жылдағы жұмыс қорытындысы бойынша бір жыл ішінде Омбудсменмен Қоғамның барлық құрылымдық бөлімдері бойынша Іскерлік этика кодексiнiң ережелерiн орындауларына жоспарлы тексерiс жүргiзiлдi. Қызметкерлердiң өтiнiштерiн тiкелей өндiрiстiк департаменттерде қабылдау, әлеуметтiк сипаттағы мәселелер, еңбек құқығы, аутсорсинг жүргiзiлдi. Қараша айында қызметкерлердiң Іскерлік этика кодексi жайлы бiлiмдерiне сауалнама жүргiзiлдi.

2015 жылы Омбудсменге сенiм телефоны бойынша 4 өтiнiш келiп түстi. Барлық өтiнiштер белгiленген мерзiмде қарастырылды және өтiнiш берушiлердiң пайдасына шешiлдi. Тiкелей өндiрiстiк департаменттерде өтiнiштердi қабылдауды ұйымдастыру шаралары Омбудсменге сенiм телефоны бойынша түсетiн өтiнiштердiң азаюына алып келген оң нәтиже бердi. Қызметкерлер жеке дара баруды, қозғаған мәселелерi бойынша толықтай түсiнiктеме алуды, туындаған мәселенi шешуге қол ұшын берудi керек етедi.

2015 жылдың 11 желтоқсанында «Парыз-2015» бизнестiң әлеуметтiк жауапкершiлiгi бойынша байқау лауреаттарын салтанатты түрде марапаттау рәсiмi өттi. «Алматы электр станциялары» АҚ диплом алды және «Үздiк ұжымдық шарт» номинациясындағы мүсiншенiң иегерi болды.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «Самұрық-Энерго» АҚ Басқарма Төрағасы Алмасадам Сатқалиевке ең үздiк әлеуметтi-жауапты кәсiпорын атағындағы Гран-придi тапсырды. «Парыз» бизнестiң әлеуметтiк жауапкершiлiгi бойынша байқауы 2008 жылдан берi Елбасымыздың бастамасы бойынша өткiзiлiп келедi. 2015 жылы аталған байқауға елiмiздiң әртүрлi аудандарынан келген 541 кәсiпорын қатысты.





«АЛЭС» АҚ ӨНДІРІСТІК ЖАРАҚАТТАНУ, КӘСІБИ АУРУЛАР ДЕҢГЕЙІ, СОНДАЙ-АҚ ЖҰМЫСПЕН БАЙЛАНЫСТЫ ӨЛІМГЕ АЛЫП КЕЛГЕН ЖАЛПЫ САНДАР

№ р/с	Көрсеткіштер	2014 жыл	2015 жыл
1	Жұмыс істеген сағаттардың жалпы саны	5 696,6 мың	5 611,8 мың
2	Жарақаттанудың жалпы саны	0	0
3	Өндірістік жарақаттану коэффициенті (ӨЖК)	0	0
4	Кәсіби аурулар жағдайының жалпы саны	0	0
5	Кәсіби аурулар коэффициенті (КАК)	0	0
9	Жоғалтқан күндердің жалпы саны	0	0
7	Жоғалтқан күндердің коэффициенті (ЖКК)	0	0
8	Жіберілген күндердің жалпы саны	19 655	18 654
9	Жұмыс істеген күндердің жалпы саны	701 076	702 958
10	Жұмыс орнында болмау коэффициенті (БК)	0	0
11	Өлімге алып келген жазатайым жағдайлар саны	0	0

Сот шешімдері, дауларды реттеу, сондай-ақ қарастырылып жатқан және ауруларға қатысты сот істері, қоғам активтерінің қатысуымен тұрғындардың жарақат алуы және өлім саны

2014 және 2015 жылдары өндірістік жарақат алу, өндіріске байланысты өлімге алып келетін жазатайым жағдайлар, сондай-ақ кәсіби аурулар болған емес.

ӨНДІРІСТЕ ЖАЗАТАЙЫМ ЖАҒДАЙЛАРДЫ БОЛДЫРМАУ ҮШІН «АЛЭС» АҚ-ДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ШАРАЛАР

- ISO 9001, ISO 14001, ISO 50001, OHSAS 18001 стандарттарының менеджменттің біріктірілген жүйесі енгізілді.
- ҚБЖ-ға сәйкес өндірістік департаменттері мен Бас кеңсенің барлық жұмыс орындарында еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау бойынша нұсқаулықтар әзірленді.
- Бас кеңсе мен өндірістік департаменттерде еңбек жағдайы бойынша жұмыс орындарына аттестация жүргізілді.
- 1-ЖЭО, 2-ЖЭО, 3-ЖЭО, Қапшағай ГЭС, Каскад ГЭС пен Батыс жылу кешені өндірістік департаменттерінде медпунктер құрылды және медициналық куәландыру ұйымдастырылды. «Энергожөндеу» ӨЖК мен ОҚТО қызметкерлері үшін медициналық куәландырудан өту өндірістік учаскелердің орналасуы бойынша өндірістік департаменттердің медпунктарында ұйымдастырылды.
- Бас кеңсе мен барлық өндірістік департаменттерде кәсіподақ өкілдері және жұмыс беруші өкілдері арасынан бірлесіп, тепе-тең негізде еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау бойынша комиссия құрылды.
- Бас кеңсе мен барлық өндірістік департаменттердің қызметкерлері медициналық қаралудан өтті.
- «АлЭС» АҚ-ның ниет білдірген қызметкерлерінің барлығы тұмауға қарсы егуден өтті.
- Өндірістік департаменттерге кешенді жоспарлы, жоспардан тыс және аяқ-асты болатын тексерулер жүргізілді.
- Жұмыстағы технологиялық бұзушылықтарды тексеру.
- Атом және энергетикалық қадағалау және бақылау комитетімен бірлесіп департаменттердің күзгі-қысқы кезеңге дайындығын тексеру, дайындық төлқұжатын беру.
- ҚТ-ның 50 күні өткізілді (апта сайынғымен бірге).
- Анықталған және орындауға қойылған ұйғарымдар саны – 4 249.
- Олардың ішінде орындалғаны – 4 126.
- Орындау мерзімі келген жоқ – 123.
- ҚТ жөніндегі инспекторлар жұмыс орындарын тексеру кезінде болған ұйғарымдардың анықталғаны және қойылғаны – 2 185.

16. Орындалғандардың барлығы – 2 176.

17. Орындау мерзімі келген жоқ – 9.

Өткізілді:

1. Өндірістік департаменттерге 4 жоспарлы кешенді тексеру;
2. 7 жұмыс орындарын аяқ-асты тексеру жүргізу;
3. өндірістік департаменттерді 5 жоспардан тыс тексеру.

«АлЭС» АҚ-да зиянды (өте зиянды) және қауіпті жағдайларда 2 908 адам жұмыс істейді.

АУЫР АУРУЛАРҒА ҚАТЫСТЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ, ОЛАРДЫҢ ЖАНҰЯ МҮШЕЛЕРІНЕ ЖӘНЕ ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ӨКІЛДЕРІНЕ КӨМЕК КӨРСЕТУ ҮШІН КЕҢЕС БЕРУ, АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ҚАУІПТЕРДІ БАҚЫЛАУ

«АлЭС» АҚ департаменттерінде ҚР Еңбек кодексіне (183-бабы, 19-бөлімі) сәйкес бес жылда бір рет арнайы ұйымдарды жұмылдыра отырып, жұмыс орындарына аттестация жүргізіледі.

Жұмыс орындарына аттестация жүргізу нәтижесі бойынша арнайы сүтті – департаменттерде қолайсыз жағдайларда жұмыс істейтін 2 385 жұмысшысы алады. Арнайы сүтпен қамтамасыз ету үшін кеткен шығындар - 57 млн. 747 теңгені құрайды.

ҚР Еңбек кодексінің (182-бабының 4-тармағы) сәйкес зиянды еңбек жағдайында жұмыс істейтін қызметкерге жұмыс беруші есебінен қорғаныс қабаты бар арнайы жұмыс киімі, арнайы жұмыс аяқ киімі (былғары), жеке қорғаныс құралдары, сабын, сүт, жұмыс орындарында тұратын медициналық қобдишалармен, дәрі қобдишасын толтыруға арналған дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етіледі.

«АлЭС» АҚ-ның барлық қызметкерлері зиянды және қауіпті факторлардан жеке және ұжымдық қорғаныс құралдарымен толық жабдықталған.



Қараша айында тұмаудың алдын алу мақсатында, Қоғамның 698 адамы тұмауға қарсы егуден өтті, егуге кеткен шығындар 1 млн. 521 теңгені құрайды.

Барлық өндірістік департаменттерде кәсіби аурулардың алдын алу үшін міндетті түрдегі жыл сайынғы медициналық қаралудан өткізу жүргізілді.

Медициналық тексерудің қорытындысына сәйкес кәсіби аурулардың алдын алу бойынша іс-шаралар әзірленуде. Сондай-ақ барлық өндірістік департаменттерде және Бас кеңседе қызметкерлерге күнделікті ауысым алдындағы медициналық тексеру жүргізіледі.

5.3 ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ. СУ РЕСУРСТАРЫН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

Қазақстан Республикасының тұрақты дамуының маңызды құрамдасының бірі адамзаттың қазіргі және болашақтағы ұрпақтарының өміріне қажетті қоршаған орта сапасын қамтамасыз ету.

Әрбір азамат өзінің қоршаған ортасын қорғауға және табиғат ресурстарына ұқыпты қарауға, қоршаған ортаны қорғау туралы заңнаманы сақтауға, экологиялық білімдерінің деңгейін арттыруға және өскелең ұрпақтың экологиялық тәрбиесіне ат салысуға міндетті.

Осыларды ескере отырып, Қоғам осы салада өз кәсіпорындарының қоршаған ортаға жағымсыз әсерін төмендетуге бағытталатын жұмыстар атқаруда.

Қоғамда кәсіпорындардың қоршаған ортаға сандық және сапалық әсерлері мен ықпалын қатаң регламенттейтін Қоршаған ортаға шығарылатын эмиссиялар рұқсаты бар. Онда негізгі құрамдастар бойынша ұйғарынды эмиссиялар көлемі «Жылу электр станцияларының қазандықтарына отынның әр түрін жағу кезінде қоршаған ортаға шығатын эмиссияларға қойылатын талаптар» Техникалық регламентімен, парникті газдар шығарылымдары сертификатымен регламенттелетін парникті газдар шығарылымдары нормативтерімен регламенттеледі.

Қоғамда қоршаған ортаны қорғау саласындағы басым инвестициялық жобаларды жұмылдыруға және енгізуге тұрақты назар аударылады, экологиялық мәселелерге қатысты ҚР Үкіметімен қабылданған қаулылар орындалады.

Қоғам экологиялық қызметті жүзеге асыру мақсатында 2015 жылы эмиссиялар нормативін жасады, парникті газдар шығарылымына, өндіріс қалдықтарына түгендеу жұмыстарын жүргізді, осылардың нәтижесі бойынша белгіленген эмиссиялар нормативі шегінен асу жағдайлары орны алған жоқ. 2015 жылы Қоғам 2016–2020 жж. арналған Парникті газдар шығарындыларына квоталар бөлудің қолданыстағы ұлттық жоспары бойынша парникті газдар шығарындыларына квота алу үшін құжаттар пакетінің тізімдемесінде қарастырылатын жобаларды әзірледі және оларды верификациялады.

Арнайы ұйымдар тоқсан сайын экологиялық бақылау жүргізді, сонымен қатар Қоғам зертханалары тұрақты негізде өндірістік экологиялық мониторинг, өндірістік департаменттер аумағы мен орын – жайларындағы радиациялық жағдайға жүйелі бақылау жүргізе отырып, олардың нәтижесі бойынша қоршаған ортаның ластану деңгейінен асатын көрсеткіштердің орын алмауын бақылап отырды.

Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының талаптарына сәйкес және бақылаушы органдар тарапынан шағымдану талаптарын болдырмау үшін 2015 жылы Қоғам қалдықтарды орналастыратын меншікті полигондарына күлқож қалдықтарын тастауға, шығару мен орналастыруға рұқсат алды. Қоғамның өндірістік департаменттерінің аумақтарында өндіру мен тұтыну нәтижесінен құралатын қалдықтар Қазақстан Республикасының экологиялық және санитарлық заңнамаларының талаптарын сақтай отырып сақталады және жасалған шарттар негізінде арнайы мамандандырылған ұйымдармен шығарылады.

2015 жылы Қоғам табиғатты қорғауға бағытталған жоспарланған барлық іс шараларды, қазан агрегаттарының күл тұту қондырғыларын жөндуден өткізді, ауаға шығарылатын ластаушы заттердің шығарындыларын едәуір төмендетуге мүмкіндік беретін азот пен күкірт қышқылдарының тотықтарын төмендететін шараларды жүзеге асыра алды. Осы шаралар арқылы Қоғам «2009–2018 жж. арналған Алматы қ. қоршаған ортасын ластауды төмендетудің кешенді бағдарламасын» жүзеге асыруға өз үлесін қосты.

ТАБИҒАТ ҚОРҒАУ ҚЫЗМЕТІ

1-ЖЭО. 1-ЖЭО-да ластаушы заттер шығарылымы 2015 жылы рұқсат етілген 5 180,229 тоннада – 1 140, 911 тоннаны құрады, күлқож қалдықтары 7 352 тонна, рұқсат етілгені 27 102 тонна. Жалпы отын көлеміндегі газ үлесін арттыру есебінен 2014 жылмен салыстырғанда ластаушы заттердің жалпы шығарындылары есепті жылы төмендеді.

2-ЖЭО. 2-ЖЭО департаментінің ластаушы заттер шығарындылары 2015 жылы рұқсат етілген 36 593,7 тоннада – 30 187,991 тоннаны құрады, күлқож қалдықтары 1 006 070 тонна, рұқсат етілгені 910 810 тонна. Табиғатты қорғау шараларын орындау есебінен 2014 жылмен салыстырғанда ластаушы заттердің жалпы шығарындылары есепті жылы төмендеді.

3-ЖЭО. 3-ЖЭО өндірістік департаментінің зиянды заттер шығарындылары 2015 жылы рұқсат етілген 12 752,7 тоннада – 11 452,9 тоннаны құрады, ал күлқож қалдықтары 391 426 тонна болды, рұқсат етілгені 356 155 тонна. Есепті жылы аталған департаменттің қоршаған ортаға шығарған зиянды заттері мен күлқож қалдықтарының жалпы шығарындылары лимитті көрсеткіштен асқан жоқ.

БЖК. Осы БЖК өндірістік департаментінде 2015 жылы зиянды заттер шығарындылары рұқсат етілген 1 264,24 тонна жағдайында – 225, 12 тоннаны құрады. Есеп берілетін жылы жалпы отын көлеміндегі газ үлесін арттыру есебінен 2014 жылмен салыстырғанда ластаушы заттердің жалпы шығарындылары көлемі төмендеген.

Қапшағай ГЭС. Залалды заттердің ауаға шығарындысы 2015 жылы рұқсат етілген 1,891 тоннада – 1,891 тоннаны құрады, Қапшағай ГЭС-нен суға шығарылатын ластаушы заттер шығарындысы 2015 жылы 4,204 тоннаны құрады, ал рұқсат етілгені 10,460 тонна болатын. Есепті жылы зиянды заттер мен қалдықтарының жалпы шығарындылары лимиттен асқан жоқ.


Каскад ГЭС. Залалды заттердің ауаға шығарындысы 2015 жылы рұқсат етілген 1,179 тоннадан – 1,179 тоннаны құрады. Есепті жылы зиянды заттер мен қалдықтарының жалпы шығарындылары лимиттен асқан жоқ.

«Энергожөндеу» ӨЖК. Осы аталған департаменттің ауаға шығарған зиянды заттері шығарындысының көлемі 2015 жылы 3,224 тоннаны құрады, 3,524 тонна рұқсат етілген болатын. Есепті жылы зиянды заттер мен қалдықтарының жалпы шығарындылары лимиттен асқан жоқ.

ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУ
ШАРАЛАРЫН
ОРЫНДАУ ЕСЕБІНЕН
2014 ЖЫЛМЕН
САЛЫСТЫРҒАНДА
АУАНЫ ЛАСТАУШЫ
ЗАТТЕКТЕРДІҢ
ЖАЛПЫ
ШЫҒАРЫЛЫМЫ
ЕСЕПТІ ЖЫЛЫ
АЗАЙҒАН







6.

АУДИТОРЛАРДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

ЖӘНЕ

ЕСКЕРТПЕЛЕРІ

БАР ҚАРЖЫ

ЕСЕПТІЛІГІ

6.1	Сыртқы аудиторды іріктеудің негізгі талаптары	85
6.2	Аудиторлық ұйым туралы ақпарат	85
	ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОР ЕСЕБІ	86

6.1. СЫРТҚЫ АУДИТОРЛАРДЫ ІРІКТЕУДІҢ НЕГІЗГІ ТАЛАПТАРЫ

Аудиторлық ұйым анықтайтын негізгі талаптар болып табылатындар:

- қызмет сапасы;
- қызмет бағасы.

Аудиторлық ұйымның қызмет көрсету сапасын келесі факторлар бойынша анықтайды:

- аудиторлық ұйым мамандарының біліктілігі деңгейі;
- қазақстан және шетел нарығында жұмыс істеу тәжірибесі;
- қызмет көрсету жылдамдығы;
- энергетикалық және көмір өндіру салаларындағы білімі.

6.2. АУДИТОРЛЫҚ ҰЙЫМ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

2012 жылдан бастап PricewaterhouseCoopers (бұдан әрі – PwC) фирмасының желілері Қоғамның сыртқы аудиторлары болып табылады.

PwC аудит, салықтық және консалтингтік қызмет көрсетеді, олар клиенттер бизнесінің бағасын арттыруға бағытталған.

PwC – трансұлттық мұнайгаз және электр энергетикасы саласындағы компанияларға қызмет ұсынатын жетекші фирма. Өнімдер мен ресурстарды бірегей, берілген саладағы тәжірибеге біріктіру, жоғары сапалы қызмет көрсетуге және клиенттердің қызметіне қосымша құндылық әкелуге мүмкіндік береді.

Клиенттерге күнделікті қызметінде білім мен тәжірибелік басымдылықты пайдалануына мүмкіндік бере отырып, PwC жергілікті орындардағы жұмысына дүниежүзілік ресурстарды жұмылдырады.

Бүкіл әлемде 2 500 астам жылу және электроэнергетикалық компаниялар аудит бойынша PwC клиенттері болып табылады, солардың ішінде:

- AGL Resources Inc.;
- National Fuel Gas Company;
- BG Group Plc;
- British Energy Plc;
- PECO Energy Company;
- Union Electric Company;
- Exelon Corporation.

Сондай-ақ, компания Орталық Азия нарығында, яғни келесі мемлекеттерде белсенді жұмыс істеуде: Баку (Әзербайжан), Ереван (Армения), Тбилиси (Грузия), Бішкек (Қырғызстан), Ташкент (Өзбекстан), Ашхабат (Түркменстан) және Ұлан-Батыр (Монғолия).

Соңғы 19 жыл ішінде PwC ірі қазақстанның энергетикалық секторында аудиторлық және кеңес беру қызметтерінің жетекші жеткізуші болып табылады. PwC қазақстанның ірі тау-кен және электр энергетикалық компанияларымен жұмыс істейді, оларға соңғы бірнеше жылда және қазіргі уақытта да ҚЕХС бойынша әзірленген қаржылық есеп аудиті жөніндегі қызметтер көрсетіліп келеді.

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ ЕСЕБІ

Қаржылық есептің халықаралық стандарттары

Қаржылық есебі және тәуелсіз аудитор есебі

2015 жылдың 31 желтоқсаны



ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ ЕСЕБІ

«Алматы электр станциялары» АҚ Акционері мен Директорлар кеңесіне

Біз «Алматы электр станциялары» АҚ-да 2015 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық ахуалы жөніндегі есебінен, пайда немесе залалдар, сонымен қатар, өзге де жиынтық табыс, ақшалай қаражаттың қозғалысы және аталған мерзімде аяқталған жыл ішінде капиталда орын алған өзгерістер туралы есебінен, есеп саясатының негізгі қағидаларына қысқаша шолу мен басқа да түсіндірме ақпараттан тұратын «АлЭС» АҚ қаржылық есебіне аудит өткіздік.

Басшылықтың қаржылық есеп үшін жауапкершілігі

Басшылық Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сай осы аталған қаржылық есептің жасалуы мен дәлелді деректемелермен ұсынылуына, қателіктер мен елеулі бұрмалаушылықтардың болмауына және басшылық тарапынан қаржылық есептің жасалуы үшін қажетті деп танылатын ішкі бақылау үшін жауапты болады.

Аудитор жауапкершілігі

Өткізген аудит негізінде осы берілген қаржылық есеп жөнінде пікір білдіру – біздің жауапкершілігімізде. Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына сай өткіздік. Осы стандарттар этикалық нормалардың сақталуын, сонымен бірге қаржылық есептің мазмұнында қателіктер мен елеулі бұрмалаушылықтардың жоқтығына дәлелді сенімді беретіндей ұйымдастырылған болуы тиіс.

Аудит қаржылық есептің сандық көрсеткіштерін растайтын аудиторлық дәлелдемелер алуға бағытталатын және ондағы ақпараттың тарқатылуын қамтамасыз ететін ресімдерді өткізуді қарастырады. Ресімдер таңдау қателіктер мен ықпалсыз қатынастың салдарынан қаржылық есептің елеулі бұрмалануы тәуекелдерін бағалауды қоса, аудитордың кәсіби пікіріне тәуелді болдады. Осы тәуекелдерді бағалау барысында аудитор ұйымдағы ішкі бақылау тиімділігі туралы пікірін білдіру мақсатында емес, жағдайға лайықты аудиторлық ресімдерді әзірлеу үшін қаржылық есептің жасалуы мен дәлелді ұсынылуына жүргізілетін ішкі бақылау жүйесін қарастырады. Аудит осымен қатар, пайдаланатын есеп саясатының тиісті сипатын және басшылықпен жасалған бухгалтерлік бағалауларды, сонымен бірге қаржылық есепті жалпы алғанда ұсынуды бағалауды да қамтиды.

Біз өз тарапымыздан қол жеткізген аудиторлық дәлелдемелер пікір білдіруге жеткілікті әрі лайықты деп ойлаймыз.





ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЛМАТЫ АЭС

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЛМАТЫ АЭС

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЛМАТЫ АЭС

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЛМАТЫ АЭС

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЛМАТЫ АЭС



Table 1. Summary of the 100 most cited articles in the field of environmental health, 1980-2000.			
Author(s)	Year	Citations	Journal
W. N. Pearce	1980	100	Environmental Health Perspectives
J. H. Garfinkel	1981	95	Environmental Health Perspectives
R. M. Jerrett	1982	90	Environmental Health Perspectives
M. J. Griffin	1983	85	Environmental Health Perspectives
A. M. O'Neill	1984	80	Environmental Health Perspectives
D. W. Brown	1985	75	Environmental Health Perspectives
L. M. Barker	1986	70	Environmental Health Perspectives
S. M. Cohen	1987	65	Environmental Health Perspectives
R. M. Jerrett	1988	60	Environmental Health Perspectives
J. H. Garfinkel	1989	55	Environmental Health Perspectives
M. J. Griffin	1990	50	Environmental Health Perspectives
A. M. O'Neill	1991	45	Environmental Health Perspectives
D. W. Brown	1992	40	Environmental Health Perspectives
L. M. Barker	1993	35	Environmental Health Perspectives
S. M. Cohen	1994	30	Environmental Health Perspectives
R. M. Jerrett	1995	25	Environmental Health Perspectives
J. H. Garfinkel	1996	20	Environmental Health Perspectives
M. J. Griffin	1997	15	Environmental Health Perspectives
A. M. O'Neill	1998	10	Environmental Health Perspectives
D. W. Brown	1999	5	Environmental Health Perspectives
L. M. Barker	2000	5	Environmental Health Perspectives

2014-15 Financial Performance Summary					
Year		Revenue	Expenses	Surplus/Deficit	Balance
2014-15	2015-16	2014-15	2015-16	2014-15	2015-16
Revenue	2014-15	2015-16	2014-15	2015-16	2014-15
Expenses	2014-15	2015-16	2014-15	2015-16	2014-15
Surplus/Deficit	2014-15	2015-16	2014-15	2015-16	2014-15
Balance	2014-15	2015-16	2014-15	2015-16	2014-15
Revenue	2014-15	2015-16	2014-15	2015-16	2014-15
Expenses	2014-15	2015-16	2014-15	2015-16	2014-15
Surplus/Deficit	2014-15	2015-16	2014-15	2015-16	2014-15
Balance	2014-15	2015-16	2014-15	2015-16	2014-15
Revenue	2014-15	2015-16	2014-15	2015-16	2014-15
Expenses	2014-15	2015-16	2014-15	2015-16	2014-15
Surplus/Deficit	2014-15	2015-16	2014-15	2015-16	2014-15
Balance	2014-15	2015-16	2014-15	2015-16	2014-15

Financial Performance Summary 2014-15 to 2015-16





“АЛМАТЫ ЭЛЕКТР СТАНЦИЯЛАРЫ” АҚ



АО “АЛМАТИНСКИЕ ЭЛЕКТРИЧЕСКИЕ СТАНЦИИ”

**«АЛМАТЫ ЭЛЕКТР СТАНЦИЯЛАРЫ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

www.ales.kz